



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АЗАТТЫҚ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСТІ БІР ҒАНА ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫМЕН ӨЛШЕУ МҮМКІН ЕМЕС



Тәуелсіздік –Тәңірдің қазаққа берген сыйы. Ал біз осы сыйды бағалай алып жүрміз бе? Тәуелсіздіктің маңызын, менің түсіне алдық па?

Әлемде өз тәуелсіздігіне қолы жетпей, ұлт ретінде ұйыса алмай отырған елдер қаншама! Солардың барлығы өзінің егемен мемлекеті, Өнұраны мен Туы, Ата Заңы болғанын қалайды. Білімді ұландарының, білікті ұл-қыздарының өз елінің атынан додаларға қатысып, елінің намысын қорғағанын, мемлекетінің атын шығарғанын жан-тәнімен тілейді. Өткен тарихының өшпеуін, ана тілінің ұмытылмауын өзге мемлекеттің ішінде жүріп тілейтін сол жандардың ұлтқа, ел ертеңіне деген жанкешті тірлігіне таңданбасқа әддің жоқ. Ал біз әлем мойындаған екі жүзге жуық бақытты мемлекеттің біріміз.

Шекарамыз белгіленген, Бас құжатымыз – Конституцияның басты бағдарымызға айналғанына да толайым уақыт болды. Қазақстанды танытсақ, Қазақстанды өзгелерге тартымды етсек деген мақсатта қолға алынған шаралардың нәтиже бергені де, нәтижесіз қалғаны да аз емес. Кейде осындай әлемдік масштабтағы мәселелер ел ішіндегі өзекті мәселелерді көлеңкелеп, екінші қатарға ысырып тастағандай көрінеді. Ұлық мереке қарсаңында тарих ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі Саттар Мәжитовпен пікірлесіп, тәуелсіздік жылнамасына бір көз жүгіртіп өткен едік. Белгілі тарихшының түйіні төмендегідей.

(Соңы 4-бетте)

ТАҒАЙЫНДАУ

ЖАҢА ТӨРАҒАЛАРҒА СӘТТІЛІК!

Барыс жылының соңғы күндерінде екі облыстық сотқа жаңа төраға тағайындалды. Күні кеше Ұлытау облыстық сотының тізгінін ұстағалы отырған Қайрат Адрановты Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Нұрсерік Шәріпов арнайы келіп таныстырды.



«Бұл аймақта мен 3 жыл жұмыс істедім. Ауданмен жақсы таныспын, өйткені жұмыс сапарлары аясында әрбір елдімекенде болдым. Мұнда соттарда біз фронт-кеңселер ашып, сот қызметін жетілдіруге бағытталған көптеген

идеяларды іске асырдық», – деп атап өтті өз сөзінде Н. Шәріпов.

Жаңа төраға Қайрат Төлепбергенұлының аты сот саласына бұрыннан таныс. Алғашқы еңбек жолын прокуратурада бастағанымен, Адрановтың сот саласында үздіксіз тер төгіп келе жатқанына 30 жыл. Соның ішінде екі рет аудандық сот төрағасы болып, 4 рет облыстық соттардың сот алқасын басқарған. Осы уақыт ішінде өзін сауатты басшы және білікті заңгер ретінде көрсете білген жан. Жаңа өңірдің жаңа сотының жұмысын таза парақтан бастағалы отырған Қайрат Төлепбергенұлының жұмысына жеміс, абырой тілейміз!

Сонымен бірге, Жоғарғы Соттың әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Аслан Түкиев Қостанай өңірінің судьялар корпусына облыстық соттың жаңа төрағасы Вячеслав Салийді таныстырды. Салада 35 жылдық өтілі бар Вячеслав Василийұлы да осы уақыт ішінде өзін сауатты судья және білікті басшы ретінде танытып, әріптестер арасында жоғары беделге ие болған маман. Аудандық сот судьясынан Жоғарғы Сот судьясына дейінгі өсу



баспалдағынан өткен В.Салий де Қостанай облыстық сотының жұмысын жандандырып, төрелік алаңындағы тың бастамаларымен ел есінде қалады деп сенеміз!

«Заң газеті»

(Соңы 5-бетте)



ЖЕЛТОҚСАН: ӨЗ ЕЛІ
ӨЗ ЕРЛЕРІН ЕСКЕРМЕСЕ...

2,3-беттер



СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ
АБЫРОЙЫ – БИЛІКТІҢ
АБЫРОЙЫ

6-бет



АДВОКАТТЫҢ
ҚАЙЫРЛЫ ІСІ...

8-бет

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Рүстем МЫРЗАКӘРІМ,
Батыс Қазақстан облыстық сотының
төрағасы:

«СОТ ПЕН ХАЛЫҚТЫҢ ТЫНЫСЫ БІР»

– Рүстем Мырзақәрімұлы, соңғы жылдары еліміздің сот саласы көптеген өзгерістерге ұшырады. Жаңашылдыққа, жаңа форматқа көшті. Батыс Қазақстан облыстық соты осы үрдістің көшіне қалай ілесуде? Облыстық соттың бүгінгі жай күйі жайлы айта отырсаңыз?

– Сот жүйесі де кез келген тірі ағза сияқты сыртқы құбылысқа бейімделу қасиетіне ие. Сол себепті жаңашылдыққа, жаңа форматқа көшуде Батыс Қазақстан облыстық соты ешқашан жаңалықтан қалыс қалған емес. Оған қоса халық игілігі үшін республикалық деңгейде орын алып жатқан онды өзгерістердің біраз бөлігі біздің өңірден бастау алғандығын атап өтуге болады.

Қазіргі уақытта Батыс Қазақстан облыстық сотында жалпы саны 17 судья қызмет атқарады, оның 6-ы қылмыстық істер, 7-і азаматтық істер және 3-і әкімшілік істер бойынша төрелік етеді.

ЖЕЛТОҚСАН: «ӨЗ ЕЛІ

Содан бері арада 36 жыл өте шығыпты.

Тарих қойнауына өткелі отырған Желтоқсанның үшінші мүшелі тұсында аққу, шортан һәм шаянның көрін келтіріп, тоқсан ру мен жүз ұйымға бөлінетін Желтоқсан ұйымдары басшыларының басы газеттің бір бетіне тоғысты.

«Жамау көрген киім төзімді», – демекші, тағдырдың талай теперішін көріп, темір тордың арғы жағында жалындаған жастығын қалдырған қайсар азаматтардың ойы біз үшін қашан да қадірлі, қастерлі...

Әдемі сөзден, әсерлі әңгіме құнды. Жасампаз ұраннан ащы да болса ақиқат қымбат. Ендеше, кешегі желтоқсандықтардың жүрекжарды лебіздері мен ашық пікірлеріне назар аударайық:

Құрманғазы АЙТМҰРЗАЕВ, «Тәуелсіздік таңы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы:

«Желтоқсан саяси, заңды бағасын алу керек»



Желтоқсан көтерілісіне неге 36 жылдан бері саяси баға берілмей келеді?

Жалпы, сөздің басын Тәуелсіздіктен бастайық. Ұлтымыз үшін, еліміз үшін – барымыз да, нарымыз да, қасиеттіміз де осы тәуелсіздік. Бұдан ұлы мереке болуы мүмкін емес. Енді тікелей Желтоқсан оқиғасына келер болсақ, елдің тарихшылары мен зерттеушілер ел зиялылары жалпы көзқаракты қауым бағасын әлдеқашан беріп те қойған – бұл тәуелсіздік үшін, ел мүддесі үшін болған көтеріліс! Біздің қоғамның ұйымдастыруымен 2016 жылы Желтоқсанның 30 жылдығына байланысты Астанада үлкен халықаралық конференция болды. Сол конференцияға он мемлекеттен ғалымдар келді, яғни олар барлық ел-елдегі көтерілістер туралы, жалпы революциялар туралы зерттеп жүрген тарихшы ғалымдар еді, ішінде заңгерлер де, психологтар да бар. Сонда олар біздің желтоқсан жайлы – бұл оқиға да емес, қозғалысқа да жатпайды, бұл ұлт-азаттық көтеріліске жатады деп

әлемдік стандарттар бойынша бағалады. Бұл жерде жалпы біздің үкіметтің көзқарасы қандай деген мәселе ғой сонда. Мемлекет осы уақытқа дейін Желтоқсан көтерілісіне саяси және заңды бағасын бермей келе жатыр.

Осындай оқиғалар орын алған Оңтүстік Корея, Грузия, Әзірбайжан, Тәжікстан сияқты елдерде оқиғаны мемлекеттік деңгейде, яғни «Ұлт-азаттық көтеріліс деп, ал оған қатысқандарды – азаттық үшін күрескендер» деген заңды АКТ қабылданған.

Бізде желтоқсан күрескерлері ғана емес, ол Қарақұм көтерілісі, Сыр бойының көтерілісі, адайлар көтерілісі, албандар көтерілісі, т.б. оқиғалар өте көп болған ғой совет өкіметі орнағалы бері. Бұл көтерілістер ешкімнен кем болғысы келмеген халықтың қозғалысы, ол ұлттық сананың оянуы, сол сана ұлттық рухты қозғады. Ал ұлттық рух бұлқынып халықты көшеге алып шықты. Бұл тарихтағы үлкен феномен. Мемлекет сол үшін де, тәуелсіздікке жету жолындағы соңғы талпыныс желтоқсан оқиғасын «Желтоқсан көтерілісі» деп атап, нақты саяси бағасын беру керек еді. Солардың бүгінгі көзі тірі азаткерлері – желтоқсандықтар ғой. Мемлекет әрине, тек ақталған желтоқсаншыларды жылына бір рет шақырып кішігірім болса да құрметтеп жатыр. Бірақ біздің басты мақсатымыз ақталып әлеуметтік статус алу ғана ма? Біздің ұйымның мақсаты – қайраткер Сабыр Қасымов ағамыз бастаған ардагерлермен бірге Желтоқсан көтерілісіне саяси заңды бағасын алу жолында жұмыс жасау.

Әрине бүгінге дейін неше түрлі себептер мен дәлелдер келтіріп сол баяғы тәуелсіздікті қадірлей алмай отырғанымыз әлі күнге құлдық санада қалған жалтақтықтан деп есептеймін.

Ербол АБДРЕШОВ, «Әз Желтоқсан» қоғамдық бірлестігінің төрағасы:

«Төртеу түгел болса төбедегі келеді»



«Әз Желтоқсан» ҚБ 2021 жылы қараша айында тіркелді. Осы уақыт аралығында Желтоқ-

сан көтерілісіне қатысты біршама жұмыс атқардық. Алматы энергетикалық университетімен бірлесе отырып кітапхана залында Ербол Сыпатаевтың ерлік істерін насихаттайтын билборд, т.б. жұмыстарды бірлесіп атқардық.

Астана, Шымкент, Түркістан, Қарағанды, Ақтөбе, Орал қалалары мен облыстарындағы желтоқсаншылармен кездесу өткіздік. Негізінен Желтоқсан көтерілісін зерттеу жұмыстарымен айналысудамыз. Азаттық үшін арпалысқан қазақ жастарын тәуелсіздікке жол ашқан желтоқсанның ызғарлы күндерінде алаңнан жинап Қапшағай мен Қаскелеңнің даласына машина-

мен тиеп апарып төгілген қаншама жастың тағдыры бүгінде белгісіз. Қаншамасы әліге дейін хабарсыз, қаншасы із-түзсіз жоғалды, соларды іздеу, жоқтау біздің борышымыз.

Билік әлі күнге дейін Желтоқсан көтерілісі қаһармандарын алдаусыратып келеді. Қазір Желтоқсан көтерілісі қаһармандарын Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен бірдей әлеуметтік статуска қол жеткізу жұмыстарымен айналысудамыз.

«Алтау араз болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді» демекші бірігіп жұмыс істегенге не жетсін. Ол үшін біраз тер төгуге тура келетін сияқты.

Аманғазы КӘРІБЖАН, «Желтоқсан мәдени танымдық орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы:

«Біздің қандай қылмыстан ақталатынымыз беймәлім»

«Желтоқсан мәдени-танымдық орталығы» қоғамдық бірлестігі биыл ақпан айында тіркелді. Желтоқсан тақырыбына қатысты әдебиеттегі алғашқы шығарманың бірі – Қ.Рысқұлбековтың «Еменнің иір бұтағы» жыр жинағы болса, тағы бірі менің «Жаралы Желтоқсан» өлең кітабым. Бұдан соң «Желтоқсан сүргіні», «Желтоқсан жыры», «Батыр Қайраттың балалық шағы» атты кітаптарымды өз қаражатыма шығарып, кітапханаларға тегін тараттым.

«Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау» жөніндегі заң негізінде орайы келгендерге ақтау құжатын беруде. Атауына мән берсек, біздің қандай қылмыстан ақталатындығымыз беймәлім. 1996 жылы прокуратураға құжат өткізсем де ақтамады. Мені қаралау құжаттары ешбір дәлелдеуді қажет етпесе де әуре-сарсанмен жүріп 25 жылдан соң бір-ақ ақталдым. Бүгінгі үкіметтің Желтоқсанға көзқарасы түзеле қойды деп айта алмаймын. Оған көп дәлелдің бірі – ғаламды әділет пен демократия тұрғысынан дүр сілкіндірген 17 желтоқсан датасын атаулы және демалыс күні санатынан алып тастағандығы. Кешегі Қазан төңкерісінен басталған қарулы көтерілістермен ғаламды қызыл қанға бояған қызыл қоғамның 7 қарашасын да қаралы күн демей, жеңіс ретінде 74 жыл тойладық емес пе? Сондықтан біз үшін желтоқсандағы алып империяға қарсы демократиялық серпілістің өзін әлемдік әділет

жеңісі деп бағалауға болады. 30 жылдан бері басшылар түрме көрген азаттық күрескерлерін қабылдаудың орнына азаттықтың арқасында әлемге шыққан спортшылар мен әншілерді қабылдап марапаттаумен келеді. Ал, тәуелсіздік жолында таяқ жеген ардагерлеріміздің бірқатары жылы сөз де естімей, бақылық болып кетуде.

Тәуелсіздік қаһармандарын бағаласа қуғын-сүргін құрбандарының (№2200, 1993 жыл) заңымен ғана шектелмей, Ұлы Отан соғысы, Чернобыль, ауған соғысы, тағы басқалардың құқықтық, әлеуметтік мәселесін қорғаған «ҚР Ардагерлер туралы» заңына баяғыда кіргізер еді.

Егер желтоқсандықтар көп ұйым болсақ мүддені жан-жақтан шулап талап етіп, бірінің қателігін бірі түзеп, қоғамдық заңдылыққа сай өзара саяси тепе-теңдікті реттейді деп ойлаймын.



Бейсенғазы НҮКЕН, желтоқсаншы ардагер, желтоқсан жоқтаушысы:

«Мемлекет батырларын бағаламай жүр»

Бүгінгі күнге дейін көрші мемлекеттердің пайымдауынша КСРО-ның ыдырауына себеп болған Балтық теңіз жағалауындағы Литва, Латвия, Эстония елдері деген пікірде. Әрине бұл қатте. Алғашқы боп КСРО-ға қатты соққы берген 1986 жылғы желтоқсандағы қазақ жастарының көтерілісі.

Біздегі шешілмей жатқан мәселенің бас-аяғын түсіну үшін 2021 жылдың желтоқсан айында өз басым Әзірбайжан еліне барып қайттым. Мақсатым Әзірбайжан елінде 1989 жылы 25 қаңтарда болған көтерілістің қандай баға бергендігін білгім келді. Баку қаласында ұйым басшысы Сұлтан Әзімзада деген азаматпен кездестім. Көтеріліске қатысып қаза болған батырларының «Аллеясына» барып желтоқсандықтар атынан құран оқыдым. Сұлтан бауырым Әзірбайжан елінің Парламент депутаттарымен кездестірді. Жақсы кездесу өтті. Әзірбайжан мемлекеті тәуелсіздік алған соң «Қанды қаңтар» көтерілісіне қатысқандардың бәріне «Тәуелсіздік көтерілісінің ардагерлері» деген мәртебе берген екен. Ардагерлер бір қоғамдық бірлестікке бағынып жұмыстарын жүргізеді екен. Оларға Үкімет тарапынан көптеген жеңілдіктер жасалыпты. Ел батырларын құрметтеу барысында ардагерлерді бірінші Президенті Гейдар Әлиев жылы сайын өзі қабылдап отырған екен. Әзірбайжан, Грузия, Балтық теңізі жағалауы елдерінде болған көтерілістердің бәрі Қызыл империяға қарсы шыққан «Ұлт-Азаттық көтеріліс» деп мойындалып заңдастырылған. Қандай бақытты жандар - өз көтерілістерін мойындатып, көтеріліске қатысқан азаматтарын бөліп жармай «Тәуелсіздік ардагерлері» деп бағалаған. Ал бізге келсек Желтоқсан көтерілісіне қатысқан батырларын екіге бөліп қойды. «Ақталғандар, Ақталмағандар» деп. ПА-РАДОКС. Мұндай жағдай бізде ғана бар шығар. Әкімшілік тек ақталған қағаздары бар желтоқсандықтармен ғана жұмыс жасайды, оның өзі жыл соңында.

2021 жылғы есеп бойынша ҚР көлемінде желтоқсандықтардың ақталғаны 518 адам деп сол уақыттағы Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоқжан ақпарат берді. Сонда қалай?! 1986 жылы Алматы қаласының алаңына 518 адам шығып, Желтоқсан көтерілісін ұйымдастырған ба?!

Мұхтар Шаханов ағамыз басқарған комиссия деректері бойынша Мәскеудің тікелей бұйрығымен алғашқы рет қазақ жастарына «Құйын» операциясы қолданылды. Осы үш күндік қанды көтерілісте Алматы қаласының тергеу орындарына 5000-дай қазақ жастары қамалып, жасау алынған. 4 500-дей қазақ жастары ауыр дене жарақаттарын алып, ауруханаларға жеткізілген. 101 адам сот шешімімен сотталған. 12 000-дайы жазықсыз қудаланып, жұмыс, оқу орындарынан қуылған.. Біз білмейтін құнды ақпарат 18-нен 19 желтоқсанға қараған түні таңғы 04.00-де «Құйын» операциясынан кейін алаңда қалған 168 қазақ жастарының жансыз денесі әскери «Урал» автомашинасына тиеліп, Мәскеудің құпия бұйрығымен белгісіз жерге көтілді деген ақпарат бар.

Қазаққа осындай қайғы-қасірет әкелген күндерді әліге дейін Желтоқсан оқиғасы дейміз. Сол желтоқсаншылардың Ақталу қағазында да Желтоқсан оқиғасының «Құрбаны» деген баға беріледі. Алаш арыстарына да «Қызыл террордың құрбаны» деп баға берілген. Ал Құрбандар қашан ардагер атанып еді. 30 жылдан бері тәуелсіздік жолындағы өз батырларымызды бағалай алмай жүрген бірден-бір мемлекет – Қазақ мемлекеті. Өзім 2010 жылы ақталу қағазынан да, ақиалай жәрдемнен де бас тарттым. Саяси құрбан болғым келмеді. Намысыма тиді.

Болат ҚҰРЫМБАЕВ, ПҚ «Желтоқсан ақиқаты» Республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы:

«Партия құру ойымызда бар»



Патриоттық қозғалыс «Желтоқсан ақиқаты» Республикалық қоғамдық бірлестігі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылдың 29 наурызында тіркелген. Ұйымның 2 мыңға жуық мүшесі бар, сонымен қатар еліміздің облыс орталықтары мен республикалық маңызы бар қалаларындағы филиал саны – 13. Қоғамдық

бірлестіктің негізгі мақсаты – өскелең ұрпаққа ұлттық құндылықтарға бағытталған патриоттық тәрбие беру, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту де елімізде жүргізіліп отырған саясатқа етене араласып, билік пен халықтың арасына алтын көпір болу.

Еліміздің басына күн туғанда, Арыс қаласындағы және Байзақ ауданындағы әскери қоймалардағы жарылыс, Шардара жерінде су тасқыны салдарынан жапа шеккен халыққа демеу болып, матариалдық-моральдық тұрғыда көмек көрсеттік. Қордай және Ұйғыр аудандарындағы ұлтаралық қақтығыстар кезінде жағдайдың одан әрі ушығып кетпеуіне ықпал етуге араластық.

Мемлекеттің 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне деген көзқарасы әлі күнге дейін өз деңгейінде қарастырылмай келеді.

Қазақстан Республикасының Президенті 1991 жылдың 12 желтоқсанындағы №540 Жарлығына сай ақталып жатқан желтоқсаншылар бар. Бірақ та, сол қаһарлы желтоқсанның қатысушыларын толық ақтап, саяси әділ бағасын беру жолы жеңілдетілсе екен деймін. Парламент Мәжілісінің депутаттарымен кездесіп, желтоқсан ардагерлеріне де ҰОС мен ауған соғысы ардагерлеріне берілетін әлеуметтік жеңілдіктер қарастырылса деп ұсыныс жасадық, ол қарастырылууда.

Партия құру туралы мәселе ойда бар. Атауын да ойластырып қойдық. Алайда партия құру оңай шаруа емес, барлық мәселелер електен өтіп, нормативтік актілерге сай болуы керек. Қазіргі таңда осы мәселелер қарастырылып жатыр. Дайын болған уақытта, тіркелуге өтініш береміз.

Сәкен ИМАНҚҰЛОВ, «Желтоқсан көтерілісі» қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары:

«Ардагерлерге тегін медициналық жәрдем берілсе...»

«Желтоқсан көтерілісі» Қоғамдық бірлестігі Алматы қалалық әділет басқармасында 2005 жылы тіркелген. Ұйымның мақсаты– 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне қатысқандарды ақтау, көтеріліске әділ саяси баға беру. Ұйым өкілдері жыл сайын әр түрлі іс-шараларға қатысып, жылда мектеп оқушыларымен, институт және колледж студенттерімен кездесіп отырамыз.

«Желтоқсан көтерілісі» Қоғамдық бірлестігінің төрағасы – Әбдіқұлов Мырзағұл. Бұл ұйымда 70-тен аса желтоқсандық тіркелген. Олардың 50-ге жуығы ақталған.




Дәл бүгінгі үкімет желтоқсандықтарға әрине, ештеме істемеді, жеңілдік жоқ деп айтудан аулақпын. Бізге Желтоқсан саябағын ашып берді, ардагерлерге концерт, театрлар мен тағы да басқа іс-шараларға шақыртулар беріліп жатыр, жылына бір рет берілетін ақшалай көмегі тағы бар, әрине тек ақталғандарға. Осыған қарамастан, менің келесі айтар ұсыныстарым:

Желтоқсандықтардың алды 70-те, арты 50-ден асқан. Осы ардагерлерге тегін медициналық жәрдем және жылына бір рет шипажайға жолдама берілсе.

Желтоқсандықтар 30 жыл бойы бірнеше

қоғамдық ұйымға бөлініп, әрқайсысы өз бетімен жұмыстар атқарып жатыр. Әрине, бәріміз бірігіп бір күш болсақ өте керемет болар еді. Сонда ғана, бір алып күш болып, заңды саяси бағасын алып, жетпей жатқан жеңілдігімізге жетер едік. Сол кезде партия да, басқа да құруға болар еді.

Біз әрдайым жастармен өткізген кездесулерде бұл Желтоқсан оқиғасы емес, Желтоқсан көтерілісі деп айтып отырамыз. Депутаттармен және басқа да министрлермен кездескенде мектеп оқулықтарына Желтоқсан көтерілісі деп жазылсын деген талап та қойдық. Бірақ, біздің жанай-қайымызды биліктегілер жүре тыңдайды.



ӨЗ ЕРЛЕРІН ЕСКЕРМЕСЕ...»

Шара ЕРГЕБАЕВА, «Қайсар жүрек» қоғамдық бірлестігінің төрағасы:

«Атқарған жұмысымыз өте көп»

«Қайсар Жүрек» Қоғамдық бірлестігі 2015 жылы Алматы қаласының Әділет департаментінде тіркелді. Құрамында 70-ке тарта желтоқсан ардагері бар. Ұйымның басты миссиясы: Желтоқсан көтерілісінің шынайы тарихы мен ащы шындығын ел арасында насихаттау, тәуелсіздігіміздің тұңғыры биік, ғұмыры мәңгілік болуына қажырлы еңбегімізді қосу, желтоқсаншылардың заңдық мүдделерін қорғау, оларға жан-жақты қолдау, көмектер көрсету, өзекті деген әлеуметтік мәселелерін көтеру. Осы бағыттарда атқарған жұмыстарымыз өте көп:

Желтоқсаншылардың үй-тұрмыстық жағдайларына қарай қалалық, аудандық әкімшіліктерден көмек алуына атсалыстық (отын-су, газ кіргізу, жөндеу жұмысын жүргізу т.с.с);

Желтоқсан тарихында алғаш рет Алматы қаласының Ішкі саясат басқармасы жариялаған тендерді ұтып алып, тапсырыстарды абыроймен атқардық. Соның ішінде ең маңыздысы желтоқсаншылардың әлеуметтік жағдайы, әл-ауқаты мен денсау-



лығы және тұрмыс жағдайына мониторинг жүргіздік. Қорытындысы бойынша, Алматы қаласы әкімшілігі мен маслихатына бірнеше ұсыныс бердік. Сәбира Мұхаметжанова, Ләззат Асанова, Сұлхан Назарова, Ербол Сыпатаев сияқты Желтоқсан көтерілісінің боздақтары оқыған мектептер мен колледждерге, зираттарына ескерткіштер қойдық (өз қаражатымызға); Олардың есімдерін өздері оқыған мектептерге беруге құзырлы органдарға ұсыныс білдірдік.

Е.Сыпатаев пен С.Мұхаметжанованың есімдерінің берілуіне қол жеткіздік;

2016 жыл ҚР Халық Қаһарманы – Қ. Рысқұлбеков атындағы көшеге өз қаражатымызға Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Қызылшарық ауылы, Асы ауылдық округінде мемориалды ескерткіш такта орнаттық. Ескерткіштің ашылуы салтанатты түрде өтті. 2021 жылы Желтоқсан көтерілісінің 35 жылдығына орай, Алматы облысы, Ескелді ауданының орталығы Қарабұлақ ауылында Желтоқсан көтерілісінің құрбаны – Ертай Көпесбаевтың (марқұм) туып-өскен ауылында патриоттық іс-шара өткіздік. Ауданның мектеп оқушылары арасында 3 түрлі спорт түрінен – триатлон: 35 шақырымға велоспорттан жарыс, сол қашықтыққа марафон, 1 шақырымға суда жүзуден жарыс ұйымдастырдық.

Қолға алып жатқан шаруалардың бірі – «Sector X» интернет-радиосында патриоттық айдармен өз рубрикамызды ашып, үзбей хабар жүргізіп тұру.

Серікбек ЖАНДЫБАЙ, «Желтоқсан - Алматы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы:

«Өлі риза болмай, тірі байымас»



2021 жылы құрылып тіркелген бірлестігіміздің құрамында бұл күнде Алматы қаласы мен басқа да облыс орталықтарына қосқанда 600-дей мүше бар. Алматының өзінде барлық ауданда бөлімшелері ашылып аудан желтоқсаншыларымен жеке-жеке жетекшілер жұмыс жасайды. Және облыстағы филиал жетекшілерімен де тығыз байланыста отырамыз.

Бір жылда атқарған жұмыстарымыздың біреуіне тоқталып өтейік. Петропавл облысындағы желтоқсаншы жетекшіміздің хабарлауымен облыс аймағындағы жалғыз Желтоқсан атындағы

көшенің атауы өзгеруіне байланысты, дереу атқа қондық. Көмекшілеріміз барып, облыс әкімінің орынбасарына жолығып, бұл желтоқсанға жасалған қиянат екенін айтқан сәттен облыс басшылары бізге түсіністікпен қарап, облысқа қарасты аудандағы көшелерге Желтоқсан атауын беруге уәде етті. Риза көңілмен жолға шықтық. Уәде құдай аты дегендей, көп ұзатпай облыстағы ішкі саясат басшыларынан сүйінші хабар келді. Аймақтағы бес аудандағы орталық көшелерге Желтоқсан атауының берілуімен бірге үш мектепке де Алаш арыстарының аты беріліпті.

«Өлі риза болмай, тірі байымас» дегендей жақында «Алматы Желтоқсан» ҚБ-нің ардагері Ғазиз Тастаевтың ұйымдастыруымен қасиетті Торғай жеріне барып қайттық. Желтоқсан көтерілісінің қаһарманы, марқұм Ормаш Ноянұлы Мырзағалив оқыған Жангелді ауданы, Қалам Қарасу ауылындағы Ғ.Қайырбеков атындағы мектепке ескерткіш тастактайша қойып, мектеп жұмысымен әсерлі кездесу өткізіп, марқұмның қабіріне барып, құран бағыштадық.

Батырымызды ұлықтап «Желтоқсан қаһарманы» медалін туыстарына табыстап қайттық.

Бақыт БАЙНИЯЗОВ, «Тәуелсіз 1986 желтоқсан» қоғамдық бірлестігінің төрағасы:

«Жастарға қазақ тілінің қадірін ұғындыруға тырысып жүрміз»

Қоғам мүшелерінің күшімен зағип азаматтарға, көп балалы отбасыларға, жалғыздікті аналарға қолдау көрсету акцияларын өткізіп тұрамыз.

Басқа облыстардағы желтоқсандықтармен де тығыз байланыстамыз. Бірнеше облыстарда осы қоғамымыздың уәкілетті өкілі бар.

Қоғам қатарына мүшелерді қабылдау сол жергілікті жерлерде жүреді. Құрылғанымызға бір жылдан енді асса да қатарымыз көбеюде. Қазіргі уақытта 92 мүшесі бар.

Заңды адресіміз Алматы қаласы Алмалы ауданында болғандықтан аудан әкімшілі-

гімен бірлесіп жұмыс жасаймыз. Қоғамдық жұмыстар мен іс-шараларға қағысып отырамыз.

Жастарға дұрыс бағыт-бағдар беріп, ұлттық құндылықтарымыз бен қазақ тілінің қадірін түсіндіруге тырысамыз. Осы арқылы жастарды елжандылыққа жұмылдыра аламыз.

Мен өзім қоғамдық бірлестіктермен бірлесіп жұмыс жасауға қарсы емеспін.

Желтоқсан көтерілісін бүкіл дүниежүзі мойындады. Біздің билік СССР одағының құрсауынан құтқарып, еліміздің тәуелсіздік алуына тікелей себепші болған сол кездегі қазақ ұлтының жастарына, яғни біздерді 36



жыл өтсе де бағаламай, енжарлық көрсетіп отыр.

Мемлекеттік тіліміз анау, биліктегі бар жиындар орыс тілінде өтеді.

Үміт БОСМАНОВА, «Желтоқсан жалауы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы:

«Бізді қолдайтын депутаттар жоқтың қасы»

Біздің ұйым «Желтоқсан жалауы» қоғамдық бірлестігі 2006 жылы заңды түрде тіркелген. 50-ден астам мүшесі бар.

Тәуелсіздік алғанымызға отыз жылдан астам уақыт болса да, көптеген ұлттық мәселелер әлі шешілмей келеді. Атап айтқанда жер, қазақ тілі мәселесі, қоғамдағы әділетсіздіктер. Осындай мәселелерді көтеріп, жиындар, бас қосулар өткіземіз. Желтоқсан көтерілісі туралы жастарға үгіт насихат жүргіземіз. Алда ардагерлерге мынадай жағдай жасаса деген ұсынысым бар:

Мемлекетіміздің ұлттық идеологиясының бастауы «Желтоқсан көтерілісі» болу керек. Ардагерлерді салықтан босатып, коммуналдық қызметтер тегін болса. Желтоқсан ардагерлерімен радио-телехабарлар жиі ұйымдастырылса. Ардагерлерімізді зейнеткерлікке ерте шығарса (Ер адам 60 жас, әйелдер 55).

Желтоқсан оқиғасы неге бүгінге дейін Желтоқ-

сан көтерілісі деген дәрежесін ала алмай келе жатқандығы, біріншіден билік басында отырғандардың көбісі мүдделі емес.

Екіншіден Желтоқсандықтар арасында ауыз-біршілік жоқ. Менің ойымша, желтоқсандықтар бірігіп, мықтап талап қойса бұл мәселе шешілер еді. Сол сияқты бізді қолдайтын мәжіліс депутаттары да жоқтың қасы.



Сапура ТОКСЕИТОВА, «Желтоқсан-Алматы» ҚБ төрағасының орынбасары:

«Көтеріліске барғанымды ел тәуелсіздігіне қосқан үлесім деп білем»



1986 жылы №69 балабақшада тәрбиеші қызметін атқарып жүрген кезім болатын. 17 желтоқсан күні алаңға жастар жиналып жатыр екен дегенді естіп өзім де жұмыста әзер жүргенмін. Кешікпін балаларын алып кетуге келген ата-аналардың «жабайы қазақтар Ленин көшесіндегі балабақшаларды өртеп жатыр екен, өңшең ішіп алған маскүнемдер жиналып, бізге қазақ басшы керек» дейді, «что они хотят, если не смогли найти нормального казаха» деген сөздері әбден намысымды оятты. Өз көзіммен көрім келіп балаларды ертерек кезекті топқа өткізіп, ашу-ызадан жарылардай үйге келдім. Үйге келгенде жолдасым Амангелді де әрең шыдап отыр екен. Ол кезде жолдасым Ғылым академиясында жұмыс жасайтын. Аяғын ауыртып алып гипсте жатқан. Оқиганың өтірік-шынын өз көзімізбен көрейік деп алаңға №2 автобуспен келіп, сол бұрынғы Фурманов пен Сәтбаев көшесінің қиылысында орналасқан «Океан» дүкенінің алдынан түстік. Қаланы да жақсы білмеуші едім, сол дүкен есімде қалыпты. Сол алаңда қазаққа қазақ басшы керек деген жастарды әскер жасақтарының құлап жүріп дубинкамен, сапкерүрегімен соққыға жыққанын, өртсөндіргіш машиналарымен су шашып, құлаған қыздарды шаштан сүйрегенін, т.б. қатыгездіктердің бәріне куә болдық. Алаң шетінде тұрған бізді Құдай сақтап әйтеуір аман-есен ұсталмай қашып құтылдық. Ертеңіне жұмысқа келсем балабақша меңгерушісі Р.Леонтьевна (еврей ұлты) кабинетіне шақырып «алаңға неге бардың?», «сені үгіттеген кім?», «қасыңда кімдер болды?»- деген сияқты сұрақтың астына алды.

Сонда меңгерушіш «мен білемін сен 17 жасыңнан осы ұжымда адал қызмет жасап келесің, үлгілі тәрбиешісің, енді не болды бүкіл ұжым шұлап жатыр, саған «сөгіс» берем» деді де, түстен кейін кәсіподақ жиналысы болатынын айтты. Енді сені қалай ақтаймын деп аяушылық білдірген болды. Жұмыста өзі үш қазақ қызы ғана болатынбыз, бақшадағылардың көпшілігі тісқаққан, шаш ал десе бас алатын орыс тәрбиешілер еді. Жиналыста шешімді өздері шығарды. Қатты жаныма тиетін сөздер айтылды, ақыры маған «әкімшілік сөгіс» деді, «13 айлық не мерекелік сындықты қысқарту туралы хаттама жасады». Бірақ меңгерушіш бұл жағдайды ата-аналар, сырттан ешкім естімейтін болсын деп ескертті. Қаншалықты ұжым алдында абыройды төксе де амал жоқ, жұмыстан кете алмаушы едім. Өйткені, жұмыстан кетсең балаларыңды бірге алып кететін заң болған. Ол кезде балабақшаға баланы орналастыру қиынның қиыны.

Бәріне көндім, тек ары қарай қазбалау, тергеу болмаса екен, ата-анамыз естімесе екен деген қорқыныш болды. Алаңда болып таяқ жеп, не бір батырлық көрсеттім деп айта алмасам да, намысым оянып, сол алаңға барған адамдардың бірі болғаным, желтоқсанда ұлт-азаттық көтерілісіне қатысып, жастардың арасында жүргенімді, ел Тәуелсіздігіне қосқан үлесім деп білемін және мақтан тұтамын.



Гүлмира МҰСТАФИНА: «Желтоқсан жұлдыздары» Қоғамдық бірлестігінің төрағасы:

«Мұқтаж адамдарға сапалы көмек көрсетілуі тиіс»

Біздің қоғамдық бірлестік 2017 жылдың наурыз айында ҚР Әділет министрлігінде заңды тіркелген. Құрамында 50 адам бар. Мақсатымыз өз қоғамымызға тіркелген ардагерлердің ақталуына күш салып, ықпал ету.

Мен өзім ол кезде КазГУ-дің физика факультетінің студенті едім. Жәй ғана студент емес, партия қатарындағы студент ретінде белсенді жұмыс жасадым, комсомол ұйымын басқардым, оқуды жақсы оқыдым. Сол кездерде тарих ғылымының докторы, профессор Мекишев Бахтажар университет бойынша «Жеті муза» үйірмесінің жетекшісі болды. Сонда университеттегі жеті музаның бірі мен едім. Университеттегі Желтоқсан оқиғасына қатысқан жастарды талқылайтын партия бюросында - елімді, жерімді, менің құқығымды қорғамайтын партияның, партия билетін маған керекті жоқ деп айтқан едім. Сол сөзім үшін автоматты түрде оқудан шығарылдым. Міне, он тоғыз жасымда осылай халық жауы атандым.

Одан кейін қаншама уақытқа дейін Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қатаң бақылауында жүріп, үй

қамақта болдым, мені барлық құқық қорғау органдары тіркеуге алды. Сол кездегі қиындықтардың бәрі менің кеудемде мұз болып қатып қалғандай еді. Быыл да біздің қоғамдық бірлестік желтоқсанның 18-і күні телевидение газет тілшілерін шақырып, Алматыда қаласы Ө. Кекілбаев көшесіндегі Қайрат клубында желтоқсан қаһармандарын еске алу күніне орай футболдан жастар арасында және желтоқсандықтар арасында турнир өткізбекшіміз. Бұл іс-шараға «ERLANDER CO LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі демеуші болмақ.

Жалпы қоғам заман ағымына қарай дамып отырады ғой, сондықтан ардагерлерге деген жеңілдікті, әсіресе, дәрігерлік көмектерін де жаңа жетістіктерге қарап жасаса екен. Занда негізінен ақталған ардагерлер егер мүгедек болса дәрігерлік тегін қызмет көрсетіледі деп анықтап айтылған. Әрине желтоқсандықтардың барлығы да бүгінде мүгедек емес қой. Сондықтан да осы мәселелерді алда мәслихат депутаттарымен кеңесу өткізіп көтергім келіп отыр. Азғантай ғана мұқтаж жандарға сапалы көмек көрсетілсе екен.

Енді желтоқсандықтардың бірігіп бір ұйым құру жағын айтар болсақ, мен бүгінгідей бірнеше қоғамның болғаны дұрыс деп ойлаймын. Қаншама адамды бір ұйымға біріктіру мүмкін емес. Біздер онсыз да барлық қоғам төрағалары жиналып, ақылдасып кеңес өткізіп отырамыз. Партия құру мәселесін құптаймын.

Р.С. Желтоқсан көтерілісінің 36 жылдығы. Яғни үшінші мүшел. Үшінші Барыс! Осы аралықта не өзгерді? «Айта-айта Алтайды», демекші әбден жауыр болған тақырыпты тағы бір қозғамасқа амал да жоқ. Онсыз да тек жылына бір мәрте ғана, осы 16-сында қозғалатын тақырып талайлардың ескі жарасының ауызын ашып, ауыртып кететінін көп оқырман сезіне де бермес...

Міне, бүгін де сол, мерекелік номерде барлық желтоқсан ұйымы төрағаларын төрге шығарып сөйлетіп, пікірлерін білгіміз келген. Әрине, бәрінің де том-том кітапқа жүк болардай тірліктері мен айтар ойлары бар. Газеттің бір нөмірі оның бәрін көтере де алмайды. Сонда да болса ойларын барынша ықшамдап жеткізуге тырыстым. Мақсатым бәрін бір арнаға тоғыстыру. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші біз Желтоқсан көтерілісі арқасында тәуелсіз елміз. Шүкір, шекарамыз бекіген, көкбайрағымыз желбіреген, мемлекеттік тіліміз бар. Олай болса сол жолда күрескен желтоқсандықтар заңмен ақталуға неге мәжбүр? Олар не үшін, кімнің алдында ақталуы керек? Қазаққа қазақ басшы болсын дегені үшін бе, жоқ, ұлтымызды талауға бермей, қазағымыздың намысын қорғағаны үшін бе, өлде тәуелсіздікке жол ашқаны үшін ақталуы керек пе?! Егер де біз ел болып өзімізді өзіміз басымыздан сипамасақ, бізді кім бағаламақ? Көздерінің барында батырларымызды – ел болып, мемлекет болып, қоғам болып қолдайықшы деген ой ғана. Осы уақытқа дейін қазақ даласында 300-дің үстінде көтерілістер орын алған екен. Соның ішінде Желтоқсан көтерілісінің алар орны ерекше. Ендеше Елдігіміз жолында жандарын пидә еткен осы Желтоқсан батырларының назарын жерге қаратпайықшы деген тілек қана. Ел аман болсын! Сіздер де аман болыңыздар Желтоқсан батырлары! Қастерлі де қасиетті күніміз құтты болсын!

Толық тәуелсіздік деген не?

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымда біз оларды қарастырған кезде егемендікті – «суверенный», тәуелсіздікті – «независимый» деп жазатынбыз. Егемендік бізге КСРО құрамында болған кезде келді. Яғни, 1990 жылы біз толық тәуелсіздікті алған жоқпыз. Тарихи ретроспектива тұрғысынан алған кезде әлемдік тәжірибеде кейбір елдер бірінші егемендігін алып, содан кейін тәуелсіз боп жатады. Мысалы, Үндістанға тәуелсіздік бірінші келіп, егемендікті содан кейін алды. Оларда тәуелсіздік күні 1947 жылдың 15 тамызы, ал Республика күні 1950 жылдың 26 қаңтарында. Ал КСРО құрамында болған республикалар ең алдымен егемендікті алды. Бұрын да Қазақ КСР Конституциясында оның территориясы, мемлекеттік тілі және тағы басқалар белгіленген. 1990 жылы егемендік алғаннан кейін біз ішкі мәселелерімізді өзіміз шешуге қол жет-

бағытталуы керек. Яғни бұл жердегі мақсат оның құны қаншалықты жоғары екенін көрсету. Әрине, тәуелсіздік үшін күресті Желтоқсан оқиғасымен шектеуге болмайды. Бұл күрес бейбітшілік түрде Тәуелсіздік алғанымызша дейін жалғасты. Мұндағы әңгіме тәуелсіздіктің құндылығы, дәрежесі қалай дауласаңыз да жоғары тұрғандығында. Желтоқсан оқиғасы да 50 жылдан кейін тәуелсіздік үшін күрестің жалпы хронологиясында Сырым Датұлы, Кенесары Қасымұлы және 1916 жылғы оқиғалармен қатар аталады.

Тәуелсіздік күні Желтоқсан оқиғасының көлеңкесінде қалмас үшін бұл оқиғаны әлі толық зерттеуіміз керек. Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында қызмет істеген кезімде академик Манаш Қозыбаев Президент архивіне барып келді де, Ғылыми кеңесте: «Жаңа ғана мен Президент архивінен келдім. Желтоқсан оқиғасына байланысты құжаттардың біразын көрдім. Бұл оқиға туралы шындықты айту үшін кемінде 50 жыл уақыт керек-ау» – деп, күрсінді. Сондықтан әр тарихи оқиғаға белгілі бір тұрғыда баға беру үшін кемінде 50 жыл уақыт керек.



елсіздік күнін атап өтіп жүр. Кейбіреулер оған күледі. «Кімнен тәуелсіздік алды. Бізден құтылғанын атап өтіп жатыр ма?» деп. Оның барлығы түсінбестік нышаны. Көп адамдар тәуелсіздіктің не екенін және оның қалай келетінін білмейді. Сонда, олардың аталары тәуелсіздік үшін күреспеп пе? Тәуелсіздік ең алдымен ұлттық мемлекеттілік пен билікті орнату жолындағы және әділеттік орнату жолындағы күрес.

Тарих бір күнде жасалмайды. Тәуелсіздік те бір күнде келе қоймайды. Келген күннің өзінде әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдай бір күнде өзгермейді. Біз де кеңестік өмір сүру деңгейімізді бір күнде өзгертіп, басқа деңгейге шыға алмадық. Күрделі экономикалық мәселелер пайда болды. Соның барлығы ұшығып кетпес үшін тәуелсіздікті ең соңғы болып жарияладық. Бірақ одан біз ұтылған жоқпыз. Сол кеңестік республикалар арасында алдыңғы қатарлы елге айналдық. 2000 жылдардың басында Қазақстанның экономикалық дамуы жағынан пост-кеңестік республикалардың ішінде алдыңғы орында болды. Әлемдік дағдарыс пен жаһандану зардаптары болмағанда біз әлі де қарқынды дамитын едік. 2008 жылғы әлемдік дағдарыс

АЗАТТЫҚ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСТІ БІР ҒАНА ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫМЕН ӨЛШЕУ МҮМКІН ЕМЕС

кіздік. Бірақ бұл әлі толық тәуелсіздік емес еді. Толық тәуелсіздік бізге 1991 жылы 16 желтоқсанда келді. Тәуелсіздікке байланысты арнайы заң қабылданды. Оған дейін егемендік туралы Декларация ғана болды. Егемендік бізде декларативті түрде ғана болды. Декларативті деген не? 1917 жылы Кеңес үкіметі орнаған кезде «Жер туралы» деген сияқты түрлі декреттер болды. Алайда, кеңестік дәуірдегі заңдардың бәрі декларативті түрде қабылданып, оның ешқайсысы іс жүзінде жүзеге аспады. Өйткені олар декларация түрінде болатын. Сондықтан егемендік мемлекет деп айтқанымызбен, ол декларативті түрде болды. Толық тәуелсіз болу үшін тәуелсіздік туралы арнайы заң болу керек. Сондықтан биылдан бастап Республика күнін ұлттық мейрам ретінде тойлап жатырмыз. Ол дербес мемлекет екендігімізді көрсететін мейрам. Ал бізді тәуелсіз мемлекет ретінде көрсететін Тәуелсіздік күні. Тарихтың әртүрлі ирониясы болады. Біздің жағдайда ол Желтоқсан оқиғасымен байланысты боп тұр.

Шындықты айту үшін әлі 50 жыл керек

Негізі тәуелсіздік жолында мыңдаған, миллиондаған адам құрбан болған. Тәуелсіздік жолындағы күресті бір ғана Желтоқсан оқиғасымен өлшеу мүмкін емес. Ол XVIII ғасырда Әбілқайырдың Ресей патшалығы құрамына енуінен бастау алып, кеңес дәуіріне, яғни Тәуелсіздік алғанға дейін созылады.

Тәуелсіздік күнінің өзінің дәрежесі, мәртебесі бар. Желтоқсан оқиғасы тәуелсіздік жолындағы күреске нүкте қоятын оқиға болғаннан кейін ғана ол Тәуелсіздік күнімен байланыстырылады.

Мерекелеу дегенде бұл жерде мәселе ұрандатып, концерт қоюда емес қой. Ол тәуелсіздік дәрежесін көтеруге

Әсіресе қарсылық күреске байланысты оқиғаларға. Тарихта бұл солай. Біз журналист, не саясаттанушы емеспіз, бір ақпаратпен ғана шектеле алмаймыз. Тарихшылар дерекке сүйенеді. Оны объективті түрде жан-жақты қарастыру үшін уақыт керек. Қазақта «елу жылда ел жаңа» деген сөз бар ғой...

Мерекені ұлықтау мәдениеті қалыптаспады

Тәуелсіздік күні арнайы тұжырымдама жасайтын Наурыз мерекесі, не Қазақстан халқы бірлігі күні емес. Бұл ең алдымен тәуелсіз дамумен байланысты оқиға. Екіншіден, оған әлі толық баға берілген жоқ. Толық баға беру үшін уақыт керек. Бізде мейрамдар қалай тойланатынын көріп жүрміз ғой. Жоғары жақта аталады. Сосын БАҚ-та оны көрсету үшін кейбір жерлерде қойылымдар, концерттер көрсетіледі. Негізінде бәрін белгілеп отырған нарық. Нарықтық заманда әркім өзінің тіршілік қамын күйтейді. Қандай мейрам болып жатқанында кейбір адамның шаруасы да жоқ. Өйткені ол мерекені емес, алдымен өзінің, отбасының қамы үшін бір күндік нанын табуға мәжбүр.

Аталмын мәселенің бұдан басқа да қыры бар. Кейбір фирмалар жұмысшыларына мереке кезінде де демалыс бермейді. Тіпті, COVID пандемиясы кезінде демалыссыз жұмыс істегендер бар. Өйткені, ол жеке меншік мекеме. Мемлекеттік мекеме қызметкерлері мереке кезінде демалса, ондай мекемелерде демалыс болмайды. Олардың басшылары жұмысшы өз еркімен жұмыс істегісі келді деп, ақталады.

Қазір қандай мереке болмасын Ұлыстың Ұлы күні деген атау жиі қолданылып жатады. Ұлыс деген АҚШ-та да, Ресейде де жоқ. Ұлыс деген тек түркі тілдес халықтарда ғана бар. Ұлыс деген өзінің ұлт ретіндегі құндылықтарын бағалайтын, яғни өзінің мемлекеттігін бағалау деген мағынаны береді. Сондықтан, ел болып жиналып, тойлайтын мерекені Ұлыстың Ұлы күні дейді. Ондай мерекенің қатарына Наурыз, Құрбан айт мейрамы жатады. Мемлекеттік тұрғыдан алғанда әрине Тәуелсіздік күні де Ұлыстың Ұлы күніне айналу керек. Өйткені бұл сан ғасырлар бойы ата-бабамыз армандаған күн. Ол жай ғана ресми мемлекеттік шаралармен шектелмей, ұлттық деңгейде аталу керек. Оның өзіндік жолдары болу қажет. Мысалы, біз Наурызды қалай атап өтеміз? Сол секілді Тәуелсіздік күні де ерекше тойлануы тиіс. Бұл заңмен де белгіленген. Өткенде ақпараттық сайттардың бірінен «Енді Республика күні ұлттық мереке, 16-17 желтоқсан ұлттық мереке деп есептелмейді» деген бір материал көрдім. Біз Тәуелсіздік күнін формальды түрде атап өтпей, оны әр адамның санасына жеткізуіміз қажет. Ол бір күндік нәрсе емес. Жыл бойы соған дайындалуымыз керек.

Халық қарсылығының себебі неде?

Қаңтар оқиғасы ұлттық санамыздың әлі толық қалыптаспағанын, мемлекеттігіміз бен тәуелсіздігімізді бағаламайтын халық екенімізді көрсетті. Мемлекеттің құндылығын біз әлі түсінбей жатырмыз. Өйткені тәуелсіздік жолын-

дағы күресті толық түсініп, меңгеріп болған жоқпыз. Менің докторлық диссертациям халық-азаттық қозғалыстары тарихының, яки қарсыластық күрестердің теориялық-методологиялық мәселелеріне арналған болатын. Бұл мәселе толық зерттеліп бітпей жатыр. Бұған тіпті мемлекет тарапынан ешқандай қаражат да бөлінбейді...

Кезінде Жаңаөзен оқиғалары болған кезде Алматыдағы «Нұр Отан» партиясының кеңсесіне Астанадан 20 шақты депутат келді. Сонда сіздер қарсыластық күрес дегенді түсінесіздер ме? Ол қандай жағдайда, не үшін болады? Оны болдырмау үшін не істеу керек? – деген сауалдар төңірегінде пікір қозғадым. Сонда олар көптеген сауалдарына жауап алып, осындай мәселелермен айналысатын маман бар екеніне таңқалды. Өйткені, билік пен оның жүргізіп отырған саясатына қарсы наразылық білдірушілермен қалай бітімге келу керек деген мәселеге теориялық тұрғыдан басын қатырып жүрген елімізде әлі күнге дейін біре бір маман жоқ. Менің бұл тақырыптағы монографиям 2007 жылы орыс тілінде жарық көрді. Егер халық неге көшеге жиі шығып жатыр деген мәселенің тамырына үңілер болсақ оның себептерін көресіз. Оның бірі – халық төлеп жатқан салықтың дұрыс жұмсалмай жатқаны.

Тарих бір күнде жасалмайды

Тәуелсіздік қантөгіссіз келді деуге болмайды. Ол дұрыс емес. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы кезінде де алаңда қаншама қан төгіліп, қаншама отбасы зардап шекті. Мысалы, Ресейдің өзі тәу-

біздің жетістіктерімізді тез құрта бастады. Кеңестік экономиканың да бәрі жаман болды деуге болмайды. Шынын айтқанда біз әлі де сол кеңестік кезеңде салынған өндіріс орындарымен өмір сүріп келеміз.

Біз тәуелсіздік жариялауда саяси жүйеге байланып қалған жоқпыз. Экономикалық байланыстарды да ойладық. Өйткені, сана бір күнде өзгермейді. Соны түсіндік. Сондықтан 1993 жылғы Конституцияны да 1995 жылы өзгерттік. Оған баруға біз мәжбүр болдық. Еуропа ЕуроОдағын құрып жатты сол кезде. Олар 1992 жылы келісімге қол қойып, 1993 жылдың 1 қарашасында Маастрих келісімі күшіне енді. Ең дамыған елдер интеграцияға ұмтылып жатқан кезде біз ыдырап жаттық. 2014 жылы Мәскеу гуманитарлық университетіндегі бір конференцияда баяндама жасадым. Сонда оқу орнының ректоры бұл құжаттың бұрын құпиялық белгісі болған еді, қазір ол күшін жойды деп, бізге бір кітапшаны көрсетті. Сол кезде Дүниежүзілік даму банкінің Ресейге несиесі беру үшін қойған талаптарын оқып берді. Оның біріншісі педагогикалық институттарды жою және дайындалып жатқан педагогикалық мамандарды қысқарту жөнінде екен. Халықаралық қаржы институттарының мұндай талаптары сол жылдары біздің де алдымызға басқа салалар бойынша қойылған болатын. Дағдарыстан шығу үшін оны орындауға мәжбүр болдық. Осындай ашылмаған нәрселер көп. Оның шетін білмей, көрмей жатып кейбір адамдар сол кезде бүйту керек еді, сүйту керек еді деп жатқан кезде қайран қалам. Біз қазір артқа қарайлай бермей, алдағы күнге қам жасап, болашақтың қамын жасауға күш салғанымыз дұрыс. Өйткені жаңа күнде болашақтың белгісі бар.

Дайындаған
Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ҰЛЫҚ МЕРЕКЕНІҢ БАСТАПҚЫ МӘНІ САҚТАЛАДЫ

Қазақ тарихында тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық қозғалыстар аз болған жоқ. Кеңес өкіметінің кезінде-ақ кейбір мәліметтерге қарағанда қазақ даласында 300-ден астам көтеріліс болған. Әр көтерілістің әлеуметтік себептері және нағыз саяси сабақтары болды. Сол көтерілістердің соңы отыз алты жыл бұрынғы желтоқсан оқиғасы...

Қаһарман жастарды еске салатын оқиға. 1986 жылдың желтоқсанында алаңға шығып, Кеңес билігіне наразылық көрсеткен жастарды ештеңеден сескендірмеген күш те осы Азаттыққа деген аңсау еді. Қанша жерден кейбіреулер үзіп-жарғысы келсе де, бұл оқиғаның тәуелсіздікпен астасып жатқаны белгілі.

1986 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Орталық Комитетінің бесінші Пленумы өтіп, онда Дінмұхаммед Қонаевты қызметінен босатып, Қазақстан КП Орталық комитетінің бірінші хатшылығына В.Колбинді сайлады. Бұл хабар қазақ халқына

тез тарады. Сол сәтте орталық алаңға лек-легімен ағылған жастар бейбіт шеру арқылы Орталықтың кадр саясатына қарсылығын білдірді. Ұлт саясатын дұрыс жүргізуді, одан өзге де ұлттық мәселелерді талап етті. Алғаш рет жаппай тоталитарлық жүйеге қарсылық білдірген қазақ жастары өздерінің сана-сезімінің қаншалықты жоғары екендігін көрсетті. Алайда қазақ жастарының бейбіт шеруі қанды оқиғаға айналды.

Дәл осы Алматыда басталған толқу Кеңес елінің түпкір-түпкірінде бас көтеруге себеп болды. Арада 5 жыл өткенде Кеңес империясы біржола

тарап бітті. Желтоқсан қозғалысы бүкіл халықтың рухани өміріне әсер етті.

1986 жылдан бастап жариялылық, жеделдету, қайта құру саясаты жүргізіле бастады. Партиялық диктатура мен кеңестік жүйе тоқырауға ұшырады. 1991 жылы КСРО-ның ыдырауына байланысты, орталық Кеңес үкіметі құлады. Тәуелсіздік алған одақтас республикалардың бәрі өз елдеріндегі Кеңес үкіметінен бас тартып, өркениет талабына сай жаңа мемлекеттік құрылымдар жасауға көшті.

1990 жылы қазан айының 25-і күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» Декларация қабылданды. Сол сәттен бастап егеменді Қазақстан өзіндік көзқарасы бар жеке мемлекет ретінде таныла бастады. Қабылданған декларация Қазақстанның болашақ тәуелсіздігінің іргетасы саналды. Декларация қабылданған соң егемен елдің жеке

территориясы, азаматтығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық қатынастардағы дербестігі, мемлекеттік рәміздері бекітілді.

Жыл сайын біз 16 желтоқсанда ұлттық мереке ретінде Тәуелсіздік күнін тойлап келдік. Ал енді биылдан бастап бұл күн мемлекеттік мереке ретінде тойланып отыр. Биыл 13 жылдан кейін алғаш рет Тәуелсіздік күні ретінде Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданған 25 қазан Республика күнін тойладық. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан 25 қазанды жыл сайын еліміздің егемендік алған басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек. Декларацияның қабылдануы – еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын», – деді.

Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталып, мемлекеттік мереке болып қала беретін болды. Енді біз 16 желтоқсанды тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтеміз.

Лариса КЕНЖЕЕВА,
Мұнайлы аудандық сотының судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Апелляциялық алқаның судьяларының әрқайсысы әділеттілік пен заңдылықты ту еткен жандар.

– Мемлекет басыысы соттардың ашықтығы мен қолжетімділігі мәселесін жиі көтеріп жүр. Осы тұрғыда, облыс судьяларының қоғаммен байланысы, қарым-қатынасы қалай? Судьялардың жұмысын қарапайым халық қалай бағалап жүр?

– Әрине, екі дауласқан тараптың бірдей көңілінен шығу мүмкін емес, зандылықты мойындау біреуге ерте, біреуге кеш келеді. Бірақ азаматтардың бұзылған құқығын қалпына келтіру, сот төрелігін әділ атқару, дауын шешуді сұрап келген тұлғаны ести білу күн тәртібінен бір күн де түскен емес. Облыстық соттың есігі өз уәжін айтуға келген қарапайым халыққа қашанда ашық. Өздеріңізге белгілі, соттың әлеуметтік желіде өз парақшалары бар, пікір білдірген әрбір азаматтың ойы терең зерттеліп, дер кезінде кері байланыс орнатылады. Халық аузында жүрген істер бойынша уақытылы толық ақпарат берілуде, істердің басым көпшілігі, олар бойынша сот актілері ашық әрі қолжетімді. Кез келген төңіректің өз ерекшелігі бар, сол сияқты киелі Ақжайық өңірінің тумалары өжеттілігімен, ойын бұқпаламай, тік айтатындығы белгілі. Осы ретте, олардың бірі мақтаса, бірі даттауы қалыпты құбылыс. Бірақ соңғы кездері алғысын айтуды жат көрмейтін сотқа қатысушы тұлғалар саны артып келеді.

Соттардың халықпен тынысы бір, себебі халық арасында туындайтын дауды шешудің негізгі кілті – оның бастапқы негізіне үңілуде, яғни күнделікті тіршіліктің денін сезіне білуде.

– Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында көптеген заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, гуманизация, сотқа дейінгі татуласу, медиация, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс секілді құжаттар қатарға қосылды. Сот жүйесіне бұл өзгерістердің көмегі мен жеңілдігі болды ма?

– Әрине, өзгерістердің оң нәтижесі болып жатқандығы сөзсіз. Себебі, бұл өзгерістер алдын ала сараланып, орын алған мәселені толықтай зерттеп, халықаралық тәжірибемен танысып, халықтың сұранысын ескеріп жасалған. Республика деңгейіндегі статистикалық мәліметтерге сүйенсек, қылмыстық істер бойынша ауыр және аса ауыр қылмыстар бойынша ақталғандар саны 2018 жылға дейінгі көрсеткіштермен салыстырғанда 7 есеге, тергеу мен прокурорға қамақта ұстауға санкция беруден бас тарту 5%-дан 15,6%-ға өсті, әкімшілік әділет құрылғаннан кейін мемлекеттік органдар адамдармен және бизнес дауларында жеңілу көрсеткіші 15%-дан 55%-ға өсті, 320 шенеунікке 18 млн теңге шамасында айыппұл салынды. Ал сотқа келіп түсетін істердің 70% жуығы азаматтық істер, сол себепті осы санаттағы істерде дауларды шешудің соттан тыс тетіктерін дамыту ерекше маңызға ие. Елде барлығы 87 медиациялық орталық жұмыс жасауда. Қазіргі уақытта талап қою өндірісіндегі істер міндетті түрде судья бітімгермен тараптарды бітімгершілікке шақыру жүзеге асырылып, көбіне істер қысқа уақыт ішінде аяқталады.

Даусыз істер бойынша соттардың жүктемесі азайып, соның есебінен судьялар күрделі іске уақыт бөліп, жан-жақты зерттеуге мүмкіндігі арта түсті.

Сонымен қатар, аумақтан тыс соттылық заңды күшіне еніп, қолданысқа

Рүстем МЫРЗАКӘРІМ,
Батыс Қазақстан облыстық сотының төрағасы:

«СОТ ПЕН ХАЛЫҚТЫҢ ТЫНЫСЫ БІР»



түсті. Ол республика деңгейінде сот жүктемесінің бірыңғайлығын жүзеге асыруға және істі объективті қарауға өз септігін тигізіп отыр.

– Резонансты істерді қарау қаншалықты қиын? Судьяларға істер қалай бөлінеді, олардың жүктемесі жайлы не айтар едіңіз?

– Жалпы кез келген істің өзіне сай ерекшелігі және қиындығы бар. Оған бөгде адамдардың назары ауып, жан-жақты қызығушылық пайда болғанда, ол судьяға қосымша моральдық ауыртпашылық туғызады. Осы орайда БАҚ өкілдерінің кәсіби деңгейі үлкен маңызға ие, себебі бір тараптың тапсырысы бойынша сол тарапқа тиімді жағын жариялап, оған қолайсыз жағын жасырып қалу, халық арасында іске қатысты теріс пікір қалыптастыру, дау қандай жағдайда дұрыс шешіледі деп сананы алдын ала арбау – сөзсіз теріс қылық. БАҚ-та күдікті тұлғаға қатысты үкім заңды күшіне енбей, оның кінәлі немесе кінәсіз деп мәлімет тарату – заңсыз, өз рейтингін асыру мақсатында болмағанды болды деп көрсету, жариялау сот қызметіне ауыр салмақ. Бірақ судьялар үшін қашанда заң үстемдігі маңызды. Ел мүддесі үшін халықтың құқықтық санасын дамытуда БАҚ сот жүйесімен бір толқында жұмыстануы қажет.

– Күрделі істердегі адвокаттар мен прокурорлардың жауапкершілігі жайлы не айтар едіңіз?

– Құқығы бұзылған тұлға бірінші кезекте сотқа емес, адвокаттар мен прокурорларға жүгінуі қалыпты құбылыс. Өкінішке орай адвокаттардың бар-

лығын бірдей өз ісіне адал, бірінші кезекке қорғауындағы тұлғаны қояды дей алмаймыз. Кей кездерде өзінің мүддесін алдыңғы орынға қоятындар да кездеседі. Олардың жауапкершілігі уәкілетті тұлғамен қаралып, тиісті шаралар қолданыры анық, бірақ әрқашан мәселенің салдарымен емес себебімен күрескен абзал. Тиісінше адвокаттардың заңсыз әрекетімен күрескеннен бұрын ондай жағдайдың алдын алуға ден қою керек, себебі, адвокаттар мен прокурорлардың өз міндеттеріне салғырт қарауы азаматтардың онсыз да бұзылған құқықтарын аяқ асты етуге әкеліп соғады. Бұл өкінішті болса да ащы шындық.

Бірақ соңғы жылдары адвокаттар мен прокурорлардың біліктілігі, жауапкершілігі артты. Олардың басым көпшілігі өз істерінің нағыз майталмандары деуге болады.

– Судьялар тарапынан орын алатын қателіктер болса, оларды қалай жоюға болады? Қазылардың біліктілігін көтеру үшін қандай шаралар атқарылып жатыр?

– Кез келген адамға тән қателесу қасиеті өкінішке орай судьяларда да кездесіп жататыны жасырын емес. Ол қателіктерді болдырмау, олардың алдын алу әрқашан бірінші кезекте және 24/7 күн тәртібінде, заңның сақталуы үнемі басты назарда. Бірақ қателіктердің барлығы жіті талқыланып, себебі анықталып, тек өрескел заң бұзушылыққа жол берілгенде ғана судьяның ары қарай сот төрелігін жүзеге асыру мүмкіндігіне қатысты мәселесін қарауға болады. Жыл сайын судьяларға талап күшейіп, түскен

шағымға қатысты қатаң шаралар қолданылып жатыр.

Судьялардың біліктірін арттыру бірінші кезекте әр судьяның өзіне байланысты, себебі, қазіргі таңда білім деңгейін арттыруға ниетті судьяларға барлық жағдай жасалған, облыстық соттағы оқу орталықтарынан бастап, Жоғарғы Сот ай сайын оқу семинарлары, Сот төрелігі академиясында біліктілікті арттыру курстарын өткізеді және Болашақ бағдарламасымен шетелде білім алу мүмкіндіктері де бар.

– Апелляциялық сот процесстерінің басым бөлігінде шешім өзгеріссіз қалып жатады. Жалпы, шешімді терістеудің қиындығы неде?

– Бірінші сатының қателігін дұрыстаудың апелляциялық және кассациялық алқамен жүзеге асырылуы заң белгілеген тәртіп негізінде жүзеге асады. Ол дамыған алдыңғы қатардағы мемлекеттерде де кездесетін, қалыптасқан үрдіс. Сот шешімін терістеу оңай шаруа емес, себебі, тараптардың әр уәждеріне заңдық баға берілген судьяның «өнімін» қайта өңдеу тиісті біліктілік пен табандылықты талап етеді. Оның қиындығы да осында.

Бірақ таразы басында тағдыр тәлкегіне түскен тұлғаның өмірлік құндылыққа ие мәселесі тұрғанда жауаптылық пен бейтараптылық әділеттілік жолындағы алға жетелеуші факторлар болатындығы анық.

– Соңғы кездері сот жүйесінде үлкен өзгерістер орын алып жатыр. Жаңа технологиялар, жаңа толықтырулар мен өзгерістер. Судья заманауи процестерден сырт қалмас үшін не істеу керек?

– Соттардың IT технологияларды қолдануы күннен күнге артуда. Халықаралық рейтингтерге сай, Қазақстан бұл мәселеде 45 елдің рейтингінде 4-ші орында, Латвия, Эстония және Португалиядан кейін. Қазіргі уақытта процестердің көпшілігі онлайн түрде, істер электронды форматта жүзеге асырылады, сотқа талап қоюды сот кабинеті арқылы үйден шықпай ЭЦҚ-мен растап тапсыруға болады. Сот залдары 100% бейне-аудио жазбамен жабдықталған. Бұл үрдіс жалғасын тауып, әрі қарай дамитындығы сөзсіз. Ал судьяның заманауи процестерден қалыс қалмауы үшін өз кезегінде оқу курстары жүргізіліп, жаңадан тағайындалатын судьяларға қойылатын біліктілік талаптарының біріне енгіссе артық етпейді.

– Мемлекеттік тіл мәселесі өзге салалар секілді сот саласында да өзекті. Батыс Қазақстанның контингенттік ерекшелігі тағы бар. Жалпы, өңірдегі мемлекеттік тілдің тыныс-тіршілігі жайлы, соттағы үлес салмағы жайлы не айтар едіңіз?

– Биылғы жылды қарастырсақ аудандық соттарда азаматтық істер бойынша 21%, қылмыстық істер бойынша 40% және әкмшілік істердің 42%-ы мемлекеттік тілде түсіп, қаралған. Яғни,

қуантарлығы мемлекеттік тілде келіп түсетін істер саны артуда.

Ахмет Байтұрсынұлының: «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» – деген тағылымға толы ойлары қазірге дейін өзектілігін жоғалтқан емес.

Қолданысты заң талаптарына сай, соттар сот өндірісінің тілін таңдау құқығына ие емес, яғни іс қай тілде (мемлекеттік немесе орыс) келсе, сол тілде жүргізіледі.

Сол себепті соттағы мемлекеттік тілдегі істердің артуы бірінші кезекте біздің азаматтарға байланысты.

Соттың тарапынан бұл бағытта барлық жағдай жасалып, іс шаралар атқарылуда, атап айтқанда мемлекеттік органдардан келіп түсетін арыздардың мемлекеттік тілде болуына қатысты түсіндіру жұмыстары, сот ғимараттарында, халыққа қызмет көрсету орталықтарында арыз үлгілерінің мемлекеттік тілде толық қамтылуы, істі қарау барысында, дайындық сатысында тараптарға тілді ауыстыру құқығын түсіндіру және т.б.

– Судьялардың жалақысы жоғары, мәртебесі биік. Абыроймен зейнетке шыққандардың жағдайын да мемлекет толық жасап отыр. Созан қарамастан судьялар арасында паракорлық әлі тыйылмай келеді. Бұған түбегейлі тосқауыл қою үшін не істеу керек деп ойлайсыз? Жемқорлықпен күресудің жолдары қайсы?

– «Іштен шыққан жау жаман» демекші, сот жүйесінде өзекті өртейтін жанды жаралайтын мәселенің бірі – жемқорлық. Онымен күрес бір сөтке де тоқтаған емес. Жемқорлыққа тосқауыл қоюда тек пара алушымен емес, сонымен қатар пара берушімен де күрес аса маңызға ие. Сол үшін азаматтарға үндеу – өз міндетін сатып, жемқорлыққа жол берген судьялар кездессе міндетті түрде тиісті органға хабарлап, жазаға тарту шарт. Төрелікті атқару барысында әділдікті емес, өз қалтасының қамын ойлаған тұлғалардың барар орны темір тордың ар жағы екендігі белгілі. Бұл күреске әрбір азамат өз үлесін қосса жемқорлықсыз қоғам, әділетті, таза мемлекет орнайды.

– Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында көпшілікке қандай тілек айтқан болар едіңіз?

– Тұғыры биік, тарихы терең, қадамы нық, рухы мықты халқымызды Тәуелсіздік мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Азаттықтың әр таңын бағалап, татулық пен берекемізді сақтайық!

– Өңімеңізге рақмет. Еңбегіңіз жемісті болсын.

Сұхбаттасқан
Шолпан РАҚЫМҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

МЕЖЕ

Қоғам болғандықтан кез келген азамат жұмыстан еріксіз шығарылғанын, енді бірі өзіне тиісті еңбек-ақысын жұмыс берушіден ала алмағанын, тағы бірі жұмысқа қайта орналастыруды талап етіп даулап жатады. Әсіресе, Маңғыстауда ірі мұнай компаниялары, халықты жұмыспен қамтамасыз ететін басты мекемелер жиі орналасқандықтан, қызметкер мен жұмыс беруші арасындағы түрлі еңбек даулары тәжірибеде көп кездеседі.

Өңір бойынша мұндай ірі кәсіпорындарда еңбек дауларын сотқа жеткізбей шешу мақсатында арнайы медиация кабинеттері ашылған. Мақсат – еңбек дауларын сотқа дейін бейбіт жолмен реттеп, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру болып табылады.

Ата Заңымызда әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар екені көрсетілген. Еңбек дауы дегеніміз қызметкер мен жұмыс беруші арасында бұрын реттелмеген, еңбек заңдарын қолдану, ұжымдық шарттар, келісімдер, жеке еңбек және жұмыс беруші актілерінің талаптарын орындау немесе өзгерту мәселелері бойынша қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы келіспеушіліктер. Осы орайда, еңбек қатынастары Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің нормаларымен ғана емес,

ЕҢБЕК ДАУЫН СОТҚА ЖЕТКІЗБЕЙ ШЕШУ МАҢЫЗДЫ

арнайы заңнамалық актілермен де (құқық қорғау қызметі туралы, әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы, мемлекеттік қызмет туралы, ішкі істер органдары туралы және т.б) реттелетінін атап өткен жөн. Сондай-ақ, еңбек шартында айтылған талаптарды қоспағанда, оның тараптарының құқықтық қатынастары ұжымдық шартпен, тараптардың өзге келісімдерімен және еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмейтін жұмыс берушінің актілерімен де реттеліп жатады.

Еңбек кодексінде көзделген еңбек шарттарынан, ұжымдық шарттардан және жұмыс берушінің актілерінен туындайтын, еңбек заңнамасын қолдану мәселелері жөніндегі жеке еңбек дауларын – келісу комиссиялары, ал реттелмеген мәселелер бойынша не келісу комиссияларының шешімдері орындалмаған кезде соттар қарайды. Еңбек құқықтық қатынастарынан туындайтын даулардағы талаптар жауапкердің – заңды тұлға органының орналасқан жері бойынша немесе дауда жауапкер ретінде болатын жұмыс беруші жеке тұлғаның тұрғылықты жері бойынша жалпы азаматтық сот ісін жүргізу қағидаларына сай сотқа қойылуға жатады. Ал, Еңбек кодексінің 160-бабында келісу комиссиясына немесе сотқа жеке еңбек дауларын қарау бойынша жүгіну үшін мерзімдер көзделген. Атап айтсақ, жұмысқа қайта орналастыру туралы даулар бойынша – жұмыс берушінің еңбек шартын тоқтату туралы актісінің көшірмесі

келісу комиссиясына тапсырылған күннен бастап бір ай, ал сотқа жүгіну үшін – реттелмеген даулар бойынша не еңбек шартының тарабы келісу комиссиясының шешімін орындамағанда жүгінген кезде келісу комиссиясы шешімінің көшірмесі тапсырылған күннен бастап екі ай, басқа еңбек даулары бойынша – жұмыскер немесе жұмыс беруші өз құқығының бұзылғаны туралы білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап бір жылды құрайды.

Сонымен қатар, еңбекке ақы төлеу сомаларын өндіріп алу туралы талап қоюлар және еңбек қызметіне байланысты басқа да талаптар бойынша талап қоюшылар соттарда мемлекеттік баж төлеуден босатылады.

Адам мен азаматтың еңбек саласындағы құқықтарының шектелуіне жол бермеу, еңбек бостандығы, еңбектегі кемсітушілікке, мәжбүрлі еңбекке және балалар еңбегінің ең нашар түрлеріне тыйым салу, қауіпсіздік және гигиена талаптарына сай келетін еңбек жағдайларына құқықты қамтамасыз ету, жұмыскердің өмірі мен денсаулығының басымдығы еңбек заңнамасының басты қағидаты болып саналады. Қорыта айтсақ, тәуелсіз елімізде еңбек дауларының алдын алу, еңбек адамының құқығын қорғау басты назарда.

Алтынай БАЗАРОВА,
Ақтау қаласының №2 сотының судьясы

БАТЫРЛАРДЫ ДӘРІПТЕУ МІНДЕТ

Президент Жарлығымен биыл еліміздің Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгерістер енгізілгені белгілі. Бұл өзгеріс 16 маусымда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынды.

Осы жиын барысында Президент: «Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан, 25 қазан күнін жыл сайын Егемендік күні деп еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек. Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек», – деген еді.

Тәуелсіздік мерекесінің 25 қазан күні аталып өткені, әрине, құптарлық жағдай. Себебі, ел тарихындағы ең бір қанды да қаралы екі оқиға осы 16 желтоқсан күні орын алғаны есімізде. Атап айтар болсақ, біріншісі – 1986 жылы қазақ жастарының КСРО-ға қарсы бас көтеруі болса, екіншісі – Тәуелсіздіктің 20 жылдығына тура келген Жаңаөзен оқиғасы. Сол күндері қаншама отбасы жақынынан айырылып, қан жұтып қалды емес пе?! Әсіресе, құрбан болғандардың дені өрімдей жас боздақтар екені ойға келгенде қабырғасы қайыспайтын қазақ жоқ шығар.

Рас, Қазақстан өз Тәуелсіздігін 16 желтоқсан күні жариялады. Қазақ халқы үшін, еліміз үшін ол күннің орны бөлек. Дегенмен, халқымызда «Тас түскен жеріне ауыр» деген қанатты сөз бар. Осы кезге дейін 16 желтоқсан күні ел болып Тәуелсіздік күнін тойлап, бірін бірі мерекемен құттықтап жатқанда, қанды оқиғалар кезінде жақынынан айырылған отбасы мүшелері қандай жағдайда болатыны айтпаса да түсінікті. Сондықтан бұл күн – тәуелсіздік жолында құрбан болғандарды еске алу, тағзым ету күні болып қалуы өте дұрыс шешім деп есептеймін. Ендігі жерде жаңа Қазақстанның әрбір азаматы Тәуелсіздігіміздің құнын жете түсініп, оның жолында жанын қиған батырларымызды дәріптеп, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырады деп сенемін.

Арман ШИНДАЛИЕВ,
Жетісай аудандық сотының төрағасы
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ АБЫРОЙЫ – БИЛІКТІҢ АБЫРОЙЫ

Қазақстан бүгінде жас мемлекет деген атаудан арылып, айналасына үлгі көрсетер, жөн сітер деңгейге жетті. Тәуелсіздік бізге сыйлық болып келген жоқ. Бұл жолда ата-бабаларымыз ғасырға татитын ауыр жылдарды бастан кешірді. Ұрпақ үшін. Ұлт үшін. Сондықтан да құн жетпейтін тәуелсіздіктің салмағы да ауыр.



қазан биылдан бастап Республика күні ұлттық мейрамы ретінде тойланатын болды.

Ал, 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні «ұлттық мереке» мәртебесінен мемлекеттік мерекеге ауыстырылды. Биыл ел тарихында елеулі орын алған, жарқын болашаққа бастау болған қастерлі Тәуелсіздігімізді ерекше атап өткелі отырымыз. Қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабамыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскен атаулы күн өз маңызын жоймақ емес!

Артта қалған 30 жылдан аса уақыттың жемісті де жеңісті болғаны ақиқат. Егемендіктің алғашқы жылдары Қазақстанның іргетасын қалау кезеңі болды. Ештеңе онайға соққан жоқ. Дегенмен жоспарлы жұмыс, сарабалд саясат арқасында мемлекетіміздің нышандары белгіленіп, билік жүйесі қалыптасты. Өз Ата Заңымызды – Қазақстан Республикасы Конституциясын қабылдадық. Әділетті қоғамда өз құқығын қорғай алатын мемлекет құрдық.

Ел тәуелсіздігін сот тәуелсіздігінен бөліп қарай алмаймыз. Отандық сот жүйесі тәуелсіздік туын көтерген сәттен бастап бүгінгі күнге дейін құқықтық мемлекет құру мақсатында жүктелген міндетті абыроймен атқарып келеді. Себебі, сот жүйесінің абыройы – биліктің абыройы.

Тәуелсіздік, тұрақтылық, егемендік идеясы қашан да біз үшін аса маңызды. Дәл қазір еліміз тыныш, бейбіт, барлық қажеттілік қолжетімді кең заманда өмір сүріп отырымыз. Мұның бәрі азаттығымыздың арқасы. Сондықтан бейбіт елдің тәуелсіздігін құрметтеуіміз керек.

Ануар ДАУРЕШОВ,
Байқоңыр аудандық сотының судьясы
АСТАНА ҚАЛАСЫ

Жақында – он алтысы!
Жай күн емес!
Кетер екен кеудемнен қай күні елес?
Әлі күнге жүрегім қан жылайды,
Әлі күнге алдағым айқын емес, – деп Аманкүл Пішенбайқызы жырлағандай, 16 желтоқсан жай күн емес. Қазақ тарихында ерекше орын алатын қасиетті әрі қасыретті күн. Дәл осы күні қаһарлы қыстың ызғарына қарамай, азаттық аңсаған өрімдей қыз-жігіттер кеңестік империяға қасқая қарсы тұрды. Мұздай қаруланған әскерлер шашқан су бейбіт шеруге шыққандарды қапы қалдырып, ақ қар, көк мұзда жер жастандырды. Сондай жанталас сәтте басынан соққы алған Халық шаруашылығы институтының (Нархоз) 1-курс студенті Зәуре Токболатова ол кезде небәрі 18-де болатын.

Қаршадай қыздың «қазақ» деп соққан жүрегі тыныш отырғызбады, жоғары курстың студенттерімен бірге екінші қабаттың балконынан түсіп алаңға шықты. Осыдан кейін-ақ оның тағдыры да, өзі де түбегейлі өзгерді. Ызғарлы желтоқсанның еттен өтіп, сүйекке жетер суығы мен сұрқай күндерді Зәуре Асылбекқызының сөзімен жеткізсек: «15 желтоқсан күні алаңға жатақханадағылар түгел шықтық. «Алаңға шығындар» деген жоғары курс студентінің соңынан ойланбай ердік. Бірақ, ол шақта не үшін бара жатқанымызды білмедік. Алаңға жеткен соң ғана жиналу себебін жақсы түсініп, көкірегімізде намыс оянды. Кілен орыс жігіттер, яғни, омондар келіп, бізді қуалап тарқатуға тырысты. Бұл күні тыныш тарқалдық. 16-желтоқсанда таңертең алаңға тағы шықпақ болдық. Алайда, ректордың өзі келіп жатақхананың есігін жаптырып тастады. Бұл жағдайды сылтау етіп қарап отыруға намысымыз жібермеді. Өзара ақылдасқан жоғары курс студенттері білімізге ақ жайма байлап, бізді екінші қабаттың балконынан түсірді».

Осылайша нархоздық патриоттар алаңға қайта барады. Көпшіліктің ішінде Зәуре өзінің алдыңғы қатарға қалай шығып кеткенін де байқамай қалды.

– Су шашқан кезде жанұшыра артқа қарай ығыстық. Ыстық судың аты ыстық су. Екпіні қатты болды. Қаша алғаны қашты, құлап жатқандар да болды. Қаншама адам тапталып қалды. Жанұшыра жүгіріп келе жатқанымда бір омон қолындағы күрек пе, қару ма анық байқамадым, қатты затпен басымнан ұрды. Есімнен танып құладым. Бұдан ары не болғаны беймәлім, ештеңені білмеймін. Көзімді ашқанымда үйде болдым».

Сол кездегі қанды оқиғаға куә болған құрбыларынан естуі бойынша алаңда құлап жатқандардың бәрін трактордың күрегішімен машинаға тиіп, Қапшағай жақтағы үлкен коқыстың манайына апарып төгеді. Олардың арасында ес-түссіз Зәуре де бар. Жакын-жуығын жоғалтқандар оларды Қаскелең, Қапшағай, т.б. жан-жақтағы коқыстар мен қала шетіндегі сайлардан іздегенін ақпарат көздері жоққа шығармайды. Көрер жарығы бар екен, Нархоздың жоғары курс студенті өлі мен тірінің арасында жатқан Зәурені танып қалып, оның курстастарына «сендердің

ЕГЕМЕНДІК ДАМЫТҚАН ҚҰРЫЛЫМ

Тәуелсіздікке дейінгі сот жүйесі мен бүгінгі сот жүйесінің деңгейін салыстыру мүмкін емес. Еліміз өз егемендігіне қол жеткізген сәттен бастап әділ төреліктің орнауына, сапалы заңдардың дайындалуына, сотқа деген сенімді нығайтуға, азаматтардың құқығы мен бостандығын сауатты да мінсіз қорғауға басымдық берілді.

Бұл бағытта отыз жылдың ішінде қыруар жұмыстар атқарылды. Жаңа реформалар сот саласын халыққа жақындатты, жаңа биікке көтерді. Сот отырысына қатысып, саланың жұмысына жіті үңілген азаматтардың бәрі осы жылдар ішінде атқарылған іс-шаралардың оң нәтижелеріне куә болып жүр.

Айталық бұрын соттар орналасқан ғимараттардың материалдық-техникалық жағдайы сын көтермейтін. Судьялар сотқа қажетті ақ қағаздан бастап, қалам мен қарындашқа дейін өз қаржысына алатын. Құжаттарды тасымалдауға да өз қалталарынан ақша шығаратын. Мұндай қиындықтың қазір бірі де жоқ. Судьялар Ата Заңмен кепілдік берілген міндетін атқаруда тәуелсіз әрі жоғары мәртебеге ие. Олардың міндеті өз өндірісіндегі істі заң мен арға сай екшеп, тура төрелік айтумен өлшенеді.

Сот жүйесінің басты тұлғасы – судья. Сондықтан, тәуелсіздік жылдарында судьяның беделін нығайтып, қызметін жандандырумен бірге, қазылыққа үміткерлерге қойылатын талап та өсті. Осылайша сот корпусын білікті, кәсіби шебер, кісілік келбетіне мін түспеген жандармен толықтыру бағытында ауқымды өзгерістер қолға алынды. Судья болғысы келетіндердің шекті жасы жоғарылап, сынақтар жылдан-жылға күшейтілді. Халықпен етене жұмыс істейтін, әділ төрелік жасау міндегі жүктелген лауазым иелеріне талаптың жоғары-

ТЕМІРҚАЗЫҚ

ЖАҚЫНДА – ОН АЛТЫСЫ...



қыздарың Қапшағай жақтағы коқыста жатыр» деп хабар береді. Олар бұл хабарды Зәуренің ағасына жеткізеді. Ағасы оны іздеп тауып, бірден ауруханаға апарады, алайда, дәрігерлер «өлсе үйінде өлсін», – деп қабылдамай қояды.

Өзінің аман қалуына себепші болған қыздың кім екені Зәуре осы күнге дейін жұмбақ, құтқарушысына бір ауыз рақмет айта алмағаны жанына бататынын жасырмады.

Есін бір жетіден соң жиған Зәуре ұзақ емделді. Бұдан кейін оны институтқа да, жатақханаға да кіргізбей қояды. Қызына қатты ренжіген анасы: «Атымызға кір келтірдің, ел жакка жолаушы болма» – деп, ауылға келуіне үзілді-кесілді тыйым салады. Осылайша Зәуре туған жерден ұзақ жыл қол үзіп қалады.

Білімге құштар қыз бала-шағалы болған соң оқуға бел буып, Д.Қонаев атындағы Заң институтына түседі. Диплом алған жас заңгер сот саласына жұмысқа келеді. Зәуре Токболатова 20 жылдан бері сотта маман болып еңбек етуде.

Мектеп, институтты орысша оқығанымен, Зәуре Асылбекқызы Кызылорда облысының Қармақшы ауданында, яғни, қазақы өңірде туып-өсті. Қаршадай қызды алаңға шығарған да сол қазақы болмыс, елге-жерге деген жана-шырлық сезім.

Бұл тұрғыда ол: «Алғашқы күні алаңға білмей барғанымызбен, екінші күні өз еркімізден бәрін түсініп шықтық. Жас болған соң ба жағдайдың соншалықты ушығарын ойламағанымыз рас. Алайда, өкінбеймін. Біздің бар мақсатымыз Қазақстанның қазактікі екенін таныту болды. Желтоқсан оқиғасынан кейін менің өмірге деген көзқарасым мүлде өзгерді. Үйімізден алыс болса да, балаларымды қазақ мектебіне тасыдым. Шынын айтсам, қазақшаны балаларыммен бірге оқып, үйрендім. Немерелерімді де қазақ балабақшасы мен мектебіне бердім. Қазақ тілін біз ойламасақ, кім ойлайды?! Кеңес тұсында орыс мектептерінде Қазақстан тарихын оқытпады. Сол себепті, Қазақтың тарихынан, бабаларымыздың елімізді қорғау жолындағы ерлік ісінен бейхабар болдық. Бүгінде сол олқылықтың орны толды. Қазақстанды әлем жұртшылығы таниды» деді.

Жастардың бойында ел мен жерге деген жанашырлықты қалыптастыру үшін қандай шаралар қолға алу керек деген сұрағымызға Зәуре Асылбекқызы: «Мемлекет, ата-ана, қоғам тарапынан болсын жастарға дұрыс бағыт-бағдар беріліп, ұлттық құндылықтарымыз бен

қазақ тілінің қадірі түсіндірілуі тиіс. Осы арқылы жастарды елжандылыққа жұмылдыра аламыз. Мысалы, кезінде біздің ой-санамызға кеңес үкіметін, орыс халқын сую туралы ақпараттарды үздіксіз сіңіріп, «отанымыз да, анамыз да – СССР» деп үйретті. Қазіргі жастардың санасына біздің болашағымыз Қазақстан екенін жеткізе білудің маңызы зор. Көбісі шетелге еліктейді, сол көзқарастан арылту біздің міндетіміз» деп жауап берді.

Сіздің алаңға бекерге шықпағаныңызды, яғни, оқуды бекерге тастамағаныңызды ата-анаңыз түсінген шығар дегенімізде, жай ғана «Қазір бәрі басқаша қарайды ғой. Не болса да болашақ үшін істедік. Көкіректі ұрып, желтоқсанға қатысты деген емеспін. Намысымыз бізді бөлмеде отырғызбады» деді.

Сөзіміздің соңын тағы да Аманкүл Пішенбайқызының жырымен әрлесек: *Жақында – он жетісі!*
Арлы адамдар!
Арын ойлап алаңда зарлағандар.
Тәуелсіздік жайлы

жыр жазбаңдаршы,
Боралдайдың сайына бармағандар!

Боралдайдың қанды сайында азаттық үшін арпалысқан қазақ арыстары көмілсе, тәуелсіздікке жол ашқан желтоқсанның ызғарлы күндері Қапшағайдың коқысына коқыс сынды төгілген қаншама жастың тағдыры бүлініп, зардап шеккені бүгінге дейін белгісіз. Себебі, сол қырғынның қақ ортасында болғандардың көбісі 36 жылдан бері үнсіз, қандай азапты бастан кешкенін жария еткісі келмейді. Қаншама қиындық көрсе де оллар тәуелсіздік алғанымызды, яғни, өздерінің бекерге құрбан болмағанын медет тұтады.

Түймегүл ИБАШЕВА,
«Заң газеті»

лауы орынды. Өйткені, мемлекет атынан үкім шығарып, кесім айтатын тұлғаның бет-бейнесі сот саласының беделіне нұқсан келтірмейтіндей болуы тиіс. Осы ретте Судьялардың әдеп кодексінде көзделген міндеттер мен талаптардың да сот корпусына кездейсоқ, мақсатсыз, принциптіне жауапсыз қарайтын жандардың кіріп кетпеуіне барлық жағдай жасалғанын айта кетуіміз керек.

2000 жылғы 25 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының соттары мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заң сот жүйесін қалыптастыру мен жетілдірудің өте маңызды тұғыры болды. Соның нәтижесінде соттар мен судьялардың мәртебесі конституциялық заңдармен бекітілді. Судьялар қызметі материалдық-техникалық жағынан толық қамтамасыз етілді. Қазақстандық сот жүйесін халықаралық құқықтық нормаларға сәйкестендіру сот-құқықтық реформаның аса маңызды мақсатының біріне айналды. Бүгінде соттың ашықтығы, жариялылығы, сол арқылы халық пен сот арасындағы байланысты қалыптастыруды көздеген іргелі өзгерістер көпшілік көңілінен шығып отыр. Әсіресе, ковид індетіне байланысты карантиннің енгізілуі сот саласының кез келген қиындықтан шыға алатынын, сындарлы сәттен жол таба алатынын көрсетті. Мұның барлығы салаға жаңа технология жетістіктерін енгізудің жемісі.

Алдағы уақытта сот тәуелсіздігін нығайту, судья мәртебесін арттыру бойынша жүргізілетін жанаашылдықтар үзілмейтіні анық. Егемендік жылдарында есейген, нығайған қазақстандық соттың беделін көтеруге қызмет ету баршамыздың парызымыз.

А.ТІЛЕПОВА,
Жетісу аудандық №2 сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

АЛАҢДА АЙТЫЛҒАН АҚИҚАТ

1986 жылы желтоқсан айының 17 күнінде Алматы қаласының орталық Брежнев алаңына, сол кездегі Қазақстан Республикасының бірінші басшысы Д.Қонаевты орнынан алып, Колбинді Қазақстанға бірінші басшы етіп тағайындаған Орталық комитеттің шешіміне қарсы көптеген жоғарғы және арнайы орта оқу орындарының студенттері мен құрылыс, тоқыма мекемелерінің жұмысшы жастары шықты.

Алаңға бейбіт түрде «Колбин кет-сін!», «Қазақ елін қазақ ұлты басқару керек!», деген лозунгтер мен плакаттар ұстаған жастар, зиялы қауым мен жұмысшы жастары толған. Бұл жастар сонымен бірге белгілі композитор Шәмші атамыздың «Менің Қазақстаным» әнін айтып, күннің қатал суық ызғарына қарамастан наразылық білдірді, олардың қатары одан сайын толып, жойқын толқынмен алаңға қарай жылжыған.

Бейбіт шерушілер арасында Республикалық медициналық училищеді оқитын 17 жастағы студент Мұратова Төлебике Нұрмұқанқызы да бар еді. Ол өзімен бірге оқитын курстастары – Дюсова Айгүл, Дюсова Бибінұр, Қуанышева Жанар және басқа да жастармен алдыңғы топтың ортасында болды.

Алаңға келген бетте митингке шыққан жігіттер мен қыздарды солдаттар қоршап алып, қолдарындағы резинка дубинкаларымен аяусыз ұрып-соғып, тепкінің астына алды. Олардың қазақ жастарын қалай ұрып-соққандарын, итке талатқандарын көп адам көрді. Олар ешкімге аяушылық көрсетпестен, бас-көзге қарамастан, алаңдағы бейбіт жандар мен әлсіз қыздарды аяусыз ұрып соқты. Мұздай қаруланған Кеңес Одағының «шаш ал десе, бас алатын» солдаттарына қарсы шыққан жастармен Мұратова Төлебике де бірге жүрді.

Қарулы жасақтар бейбіт жастарды тықсыра қуып, ұрып соқты. Қатты соққы алған Төлебике да жерге құлаған кезде, оны қасындағы куртас қыздары жанұшыра орнынан тұрғызып

алып, төмен қарай қашқан. Бір-біріне сүйенген қыздар өздері тұрған пәтерге әрең жеткен. Төлебике алған соққы салдарынан сол жақ жамбасы көгеріп ісіп орнынан тұра алмай, екі күн жатып қалған. Бұл қорлыққа ол үйінде жатып шыдады. Өйткені, милиция білсе оны тергеуге шақырып, оқудан шығарып, жазалар еді.

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы сол кездегі СОКП Орталық Комитетінің Қазақстанда империялық үстемдікпен жүргізген ұлт саясатына қарсы қазақ жастарының бұқаралық көтерілісіне ұласты. Сондықтан, 1986 жылдан бері отыз бес жылдан асса да, қазақ жастарының тәуелсіздік пен еркіндік үшін көтерілген күресі ешқашан ұмытпайды. Араға біраз уақыт салып ҚР Президентінің 12.12.1991 жылғы №540 санды жарлығымен «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» заңы шықты. Ел Президенті Қ.Тоқаев Парламент кеңесінде «бұдан 35 жыл бұрын қазақ халқының еркіндік пен тәуелсіздік алуы жолында жастар бұрынғы Орталық Комитеттің езгісіне төзгісі



келмей наразылық білдіріп, алаңға шықты. Олардың бұл әрекеттері нағыз ерлік екендігі анық. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі осындай үлкен күреспен келді. Бұл мәңгі ұмытылмайтын тарих. Желтоқсан қатысушыларына мемлекеттік тұрғыдан заң тәртібімен олардың құқықтары мен міндеттері сақтала отырып, тиісті жеңілдіктер берілуі керек», – деп ерекше атап көрсеткен.

Төлебике Нұрмұқанқызы халқымыздың тәуелсіздігі үшін тайсалмай, алаңға шыққанын мақтан тұтады. Т.Мұратова Желтоқсан оқиғасына қатысып, қуғын-сүргіннен зардап шегуші. Және осы статус заң тәртібімен танылуы керек деп есептеймін.

Қазіргі кезде, желтоқсан қозғалысына қатысқан Т. Мұратова жанұялы, кәмелетке жетпеген баласын тәрбиелеп отырған аяулы ана. Алматы қаласындағы емханалардың бірінде медбике. Бұл салада өз қызметі мен міндетін адал атқарып жүрген тәжірибелі де білікті маман. Бірнеше мәрте аудан әкімдері мен емхана басшылары тарапынан мақтау қағаздарымен марапатталып, бағалы сыйлықтар алған. Тәуелсіздік осындай батыр қыздардың арқасында келді. Оларды қадірлеп, құрмет көрсету кейінгі ұрпақ парызы.

Елемес ҚАРАБАЙ,
ҚР Журналистер
одағының мүшесі, заңгер

ЖАРНАМА

ӨРТҮРЛІ

2. Түркістан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 254 «Түркістан облысының кейбір мемлекеттік мекемелерінің мәселелері туралы» қаулысының негізінде Түркістан облысының әкімдігі келесі мемлекеттік мекемелердің қайта ұйымдастырылғандығы туралы хабарлайды:

1) «Түркістан облысының мәдениет басқармасы» мемлекеттік мекемесі және «Түркістан облысының туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі біріктіру жолымен «Түркістан облысының мәдениет және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қайта ұйымдастырылсын.

2) «Түркістан облысының еңбек инспекциясы жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесі және «Түркістан облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» мемлекеттік мекемесі біріктіру жолымен «Түркістан облысының бақылау жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қайта ұйымдастырылсын.

3) «Түркістан облысының кәсіпкерлік және сауда басқармасы» мемлекеттік мекемесі және «Түркістан облысының инвестиция және экспорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі біріктіру жолымен «Түркістан облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қайта ұйымдастырылсын.

Сонымен қатар, «Түркістан облысының ауыл шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі:

1) «Түркістан облысының ауыл шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі;

2) «Түркістан облысының ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып бөліну жолымен қайта ұйымдастырылсын.

Талаптарды мәлімдеу осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Түркістан қаласы, «Жаңа-қала» ықшамауданы, 32-ші көше, 20 ғимарат мекенжайында қабылданады.

5. «Сентрас Коммекс Life» ӨСК» АҚ Алматы қаласындағы «Сентрас Коммекс Life» ӨСК» АҚ филиалының заңды мекенжайының өзгергені туралы хабарлайды.

Жаңа кеңсе 050008, Алматы қ., Бостандық ауданы, Мыңбаев көшесі, 151, «VERUM» Бизнес орталығы («ВЕРУМ»), 1-қабат мекенжайында орналасқан.

«Сентрас Коммекс Life» ӨСК» АҚ Атырау қаласындағы «Сентрас Коммекс Life» ӨСК» АҚ филиалының заңды мекенжайының өзгергені туралы хабарлайды.

Жаңа кеңсе 060011, Атырау қ., Исатай даңғылы, 58, 5-офис мекенжайында орналасқан.

«Сентрас Коммекс Life» ӨСК» АҚ Тараз қаласындағы «Сентрас Коммекс Life» ӨСК» АҚ филиалының заңды мекенжайының өзгергені туралы хабарлайды.

Жаңа кеңсе 080000, Тараз қаласы, Ниятқалиев көшесі, 6 ұй, 18, 19, 20 пәтер мекенжайында орналасқан.

9. ЖШС «Most Trans Logistik» көлік-экспедиторлық компаниясы сатылуда. 2019 жылдың маусымынан бастап нарықта. Бағасы келісімді. Тел.: 87007007752 (Жанар).

12. Теміртау қалалық сотында судья Л.Д. Токшылыкова Наумов Александр Романовичтің өтініші бойынша, мекенжайы: ҚР, Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Металлургтер даңғылы, 15/1-60, Теміртау қаласының тумасы, 27.05.1987 ж.т. Наумов Павел Владимировичті хабарсыз кеткен деп тану туралы іс қозғады. П.В. Наумовтың қайда жүргені туралы білетін жандардың осы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай мерзім ішінде сотқа хабарласулары сұралады.

БАНКРОТТЫҚ

3. Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 09.12.2022 жылы ұйғарымымен «Ланди» ЖШС, БСН 190740001179, өтініші бойынша «Ланди» ЖШС-не қатысты банкроттық туралы іс қозғалды.

6. Астана қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2022 жылы 5 желтоқсандағы ұйғарымымен «Sary-Arka Mining» ЖШС-н, БСН 120440026245, банкрот деп тану туралы азаматтық іс қозғалды. Несиегерлер реестріне енгізу туралы талаптарды уақытша әкімгер А.С. Оспанбеков осы хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылдайды: Алматы қаласы, Сейфуллин даңғылы, 597А үй, 501 кеңсе, байланыс телефоны: +77052922202, +77012922202, эл.пошта: kz.bankrot@mail.ru.

МҰРАГЕРЛІК

8. 2 желтоқсан 2022 жылы қайтыс болған Риспанбетов Жузбайдың артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Д.И. Калабаевқа келулері қажет. Мекенжайы: Тараз қаласы, «Мыңбұлақ» ықшамауданы, 31 үй, 3 пәтер. Тел.: 87074292202.

15. 07.1959 ж.т. азамат Есбүсинов Абубакир Оналбаевичтің 2022 жылғы 25 маусымда қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылған. Барлық мұрагерлерін Түркістан облысы, Мактаарал ауданы, Мырзакент кенті, Т.Мадиходжаев көшесі, №15 ғимарат мекенжайында орналасқан нотариус Жолдасов Динмуханбет Алданиязовичке хабарласуын сұраймын.

16. 13.02.1950 ж.т. азаматша Сарсенбекова Ажаркулдің 2022 жылғы 22 шілдеде қайтыс болуына байланысты артынан мұрагерлік іс ашылған. Барлық мұрагерлерін Түркістан облысы, Мактаарал ауданы, Мырзакент кенті, Т.Мадиходжаев көшесі, №15 ғимарат мекенжайында орналасқан нотариус Жолдасов Динмуханбет Алданиязовичке хабарласуын сұраймыз.

ТАРАТУ

4. «IGS Polystar» ЖШС, БСН 211040034981, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 090300, Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, Дружба народов көшесі, 2.

7. «УБГрупп» ЖШС, БСН 180440037315, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Қадыр Мырза Әли ықшамауданы, 1 үй, 132 пәтер.

10. «SAN-UAIS» ЖШС-гі, БСН 171040012158, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау обл., Жаңаөзен қ., «Көктем» шағынауданы, 49 үй, 104 пәтер. Тел.: 87026856357.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772265606.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaiity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

Махмұт тумысынан көңілшек жігіт. «Жігіттің көңілшектігі – атының соры» деген мақал тап осы Махмұт сияқтыларға арналған. Дегенмен, Махмұтта ат та жоқ, атан да жоқ, сондықтан оның көңілшектігі әуелі қос аяғы мен алтын уақытының соры, одан қала берді, әйелінің уайымы. Өзі көптен бері теміржолда жолсерік болып жұмыс істейтін Махмұт бар жолаушының тілін табумен қатар, отбасылық қатынастарды да ардақтайтын сенімді азамат еді.

Сондай күннің бірінде бұның вагонына көршілес үйде тұратын жасы өзі құралыптас, сырттай ғана таныстығы бар келіншек мінді. Түр-сияпты келіскен әлгі кісінің күйеуі жоқ екен. Жалғыз баласы жоғары оқу орнына түсіп, сол жердің жатақханасына орналасыпты. Арман қуған баласының бар шаруасын бітірген әйел өте көңілді келеді. Арасында Махмұттың қызметтік купесіне кіріп әңгіме-дүкен құрып, шәй ішті. Содан поезд өз маршрутының ең соңғы нүктесіне келіп тоқтарда «заттарымды үйге жеткізуге көмектессең

арнайы сараптама анықтамақ. Махмұттың сол күні есік тұтқасын ұстап ішке бірнеше мәрте кіріп шыққаны мәлім. Кіре беріс пен асбөлмеден де жанұшырып аяккіімдерімен өтіп еді Айсұлудың ессіз жатқанын көргенде. Сондықтан еденде қалған іздер де бөтендікі бола қоймас... Ғылым мен техниканың дамыған әлеуетінің кейде осылайша бұрысты дұрыстап та қоятыны бар.

Бұндай бас бұлтартпас айғақтар кімді де болса есегіретіп тастар, Махмұт та басынан қатты соққы алған боксердай теңселіп қалды. Дегенмен, істемеген нәрсесін, әсіресе анау-мынау емес, әйел адамның өлімін қалайша он-оңай мойындай салар тірі пенде? Сол күні мақсатын жүзеге асыра алмаған із кесушілер бұған күдікті ретінде уақытша қамау шарасын қолданды. Ертеңіне әйелінің, екі ержетіп қалған балаларының жауаптарын көрсетті. Үшеуі де оқиға болатын күні Махмұтты күндіз көрмегенін, тек кешкілік дастарқанға бірге жиналғандарын, Айсұлу есімді ортақ таныстарының жоқ екенін, Махмұттың

демек сенің де қылмыстық іске қатысың бар» деп күдікті ретінде қамап тастады. Ертесіне Махмұт екі ай мерзімге тергеу изоляторына жөнелтілді, ал баласы тағы да екі күнге Ішкі істер бөлімінің уақытша ұстау қамағында қалдырылды.

Болаты жастайынан спортпен белсенді шұғылданып, шығыстық жекпе-жек түрлерінен біршама жетістікке жеткен. Осы қабілеті із кесушілерге белгілі болып қалғандықтан, оған жағылған күдіктің бояуын қалыңдай түсетін сияқты.

Терезесі торлы түрмеге жеткізілген күні Махмұт көз ілген жоқ, есіл-дерті баласын бақытсыздықтан құтқару болып, сарсылды да отырды. Ақыр аяғында камералас бір кісімен қалай сыр бөліскенін аңғармай қалды. Бұның бақытына қарай әлгі камераласы түрме мен бостандықтың арасын соқпақ қылған, білмегені жер астындағы «түрме академигінің» өзі болып шықты. Оның ақылы бойынша не де болса қазіргі таңда Махмұт бар кінәні өз мойнына алуы керек болды. Артының не боларын әзір болжамау керек,

соң жанұясына барлық шындықты айтып хат жолдады. Ешкімнің алдында ақталған да жоқ, ешкімге жалынған да жоқ, «мен барымды айттым, қалғанын шешуді сендерге қалдырдым» деген бұның уәжі отбасы мүшелерінің онсыз да жалтақ-жарымжан көңілдеріне бір үміт әкелді. Отағасының салауатты өмірі көз алдарында өткен үш естияр жан өзара кеңесе келіп, ендігі жерде Махмұттан ажырамауды жөн көрді. Әлгі оқиғаға байланысты кейбір қылықтары сенімсіздеу көрінгенмен, отағасын «нағыз көңілшектің өзі» деп танитын ең жақын жандар «солай болса болған шығар» деп енді бұның жағына шықты...

Әуелгі кезде қарқынды жүргізілген тергеу амалдары уақыт өте саябырси бастады. Бұл аралықта үлкен ұлы Болат мекеме жолдамасымен тәжірибе алмасушы жас маман ретінде бір жыл мерзімге алыс шетелге жіберілді. Бұндай мүмкіндік қарапайым адамға күнде берілмейтіндіктен, әкесі түрмеде отырса да, баласының жолына тұсау болған жоқ. «Жол болсын»

нымайтын адамдар. Осы деректі тергеу орнына ұсынуды мақсат қылған қорғаушы енді қылмыстық іс материалдарымен танысуға кірісті. Әсіресе, оны ерекше қызықтырғаны – оқиға орнын қарау хаттамасы еді. Біржақтылықтың, қолда барды місе тұтқан тоқпейілушіліктің көрінісі бұл жерде де «мен мұңдалап» тұр екен. Оқиға орнынан алынған саусақ пен аяқ іздерінің біразы Махмұтқа тиесілі болғанымен, басқа адамдардан түскені де біршама екен. Олар мүлде зерттелмей қалған, құқық қорғаушылардың арнайы картотекаларымен салыстырылмаған, шамасы Махмұт бәрін мойнына алған соң басқа шаруаларды артық іс санап, доғарып қоя салған сияқты. Негізінде заң орнының қағидасы – қай шаруаны тексеріп-тергесең де жан-жақтылықты, объективтілікті және толыққандылықты қамтамасыз ету емес пе? Ал, бұларды сақтамаған жағдайда өзін де орға жығыласың, Махмұт сияқтылардың да обалына қаласың.

Аталған тергеу кемшіліктерінің бәрін тізіп көрсетіп, оған Махмұттың жаңа-

АДВОКАТТЫҢ ҚАЙЫРСЫ ІС...

қайтеді» деген өтінішін айтты. Махмұт жол бойы жақсы әңгімелесіп келе жатқан келіншектің айтқанын екі еткен жоқ, баратын жерлері бір-біріне онша қашық болмағандықтан, жүгіріп такси әкеліп вагон аузынан жүктерді тиесті. Сосын вагон тапсыру міндетін көмекші жолсерікке жүктеп, өзі келіншекпен бірге жөнеліп кетті.

Содан он бес минут өткенде Махмұт екінші кабатта тұратын келіншектің заттарын үйіне кіргізді, және оның «шәй ішіп кет, үйіңнің адамдары жұмыста болар» деген ұсынысына көңілжықпастық танытып «ендеше, үйге барып киім ауыстырып келейін» деп алып-ұшып өз үйіне қарай жөнелді. Шаруасын бітірген соң Айсұлудың уәделі шәйінен дәм ауыз тию үшін жаңа танысының үйіне беттеген. Жақындағанда көрді, подъезінің алдында тұрған жеңіл автокөлікке жүзі таныс екі жігіт жүгіре шығып, тез-тез отырып жатты. Сырт адамдарға сұқтана қарауды ерсі көрген Махмұт оларға аса үңілген жоқ, қабағымен елеусіздеу бір шолып екінші кабатқа шықты. Пәтер есігіндегі қоңырауды әлсіз басып еді, іштен жарап болмады. Есіктің тұтқасын қозғап көріп еді, құлпы жабылмай тұр екен. Ақырын есікті итеріп, ішке өтті. Кіре берісте тұрып «Айсұлу, Айсұлу» деп дыбыстаған. Үн жоқ. Біраз күткен соң аяқ киімін шешіп, ас бөлмесіне беттегенде еденде қозғалыссыз жатқан үй иесін көрді. Бұның қозғап көрмек болған әрекетінен түк шықпады. Айсұлудың өңінде тіршіліктің ешқандай белгісі жоқ, тіпті демі де әлдеқашан тоқтап қалған сияқты.

Махмұт қалтасындағы ұялы телефонын алып жалма-жан «жедел көмек» қызметіне қоңырау шалды. Сосын қолынан келер басқадай көмегі болмаған соң сыртқа шығып кеткенді жөн көрді. Сәл уақыттан кейін келген «жедел көмектің» дәрігерлері Айсұлудың денесін көлікке салып, ауруханаға алып кетті.

Тағы бір күн өткенде теміржол станциясының басынан кезекті жолсапарға шығайын деп тұрған Махмұтты қалалық ішкі істер бөлімінің қызметкерлері тоқтатқан. Бұның бар көрген-білгенін айтып ағынан жарылғанына ешқайсысы да сенген жоқ, тіпті «бізге Сіздің ашына келіншегіңізді өлтіргеніңіз айдан-анық нәрсе, тек не үшін істегеніңізді ғана айтыңыз» деп отырып алды. Олардың айтуынша, оқиға болатын күні бұл екеуі жолсапардан Айсұлудың үйіне бірге келген, сол жерде әлдебір себептермен өзара жанжалдасып қалып, Махмұт келіншектің ішінен бірнеше рет тепкен, сосын бұның қатты соққыларынан ішкі органдарына ауыр зақым келген Айсұлу есін жимаған күйде ауруханада қайтыс болған. Үйде бұлардан басқа ешкімнің болмағанын, тіпті қайтыс болған келіншектің көршілерінің де айқай-шуды естімегенін көзбен көргендей жеткізіп отыр. Махмұттың аталған жағдайға қатысы барын «жедел көмекке» соғылған ұялы телефонының номері арқылы тапқан екен. Махмұт өз жағдайының қиындығын біліп отырса да, телефон соққаны үшін өкінген жоқ.

Ал, сол күнгі екеуінің бір вагонда келгені темір жол вокзалының анықтамасымен дәлелденіпті. Және Айсұлудың үйінің есігіндегі тұтқадан алынған саусақ, аяқ киім іздерінің кімдікі екендігін енді



да бұрын-соңды ондай адам туралы ешбір әңгіме айтпағанын жазыпты. Олары, әрине, толықтай шындық.

Жазатайым оқиғаны тексеруге кіріскендер бұның екі баласы мен әйелінің әлгіндей жауабына да күмән туғызатынын, олардың да адам өліміне қатысының бар-жоғын жан-жақты тексеретінін айтты. Із кесушілердің қосымша версиясы бойынша, Айсұлу мен Махмұттың ұзақ уақыт бойы бірге жүріп-тұрғаны, арасында жолсапарға да бірге шығатыны белгілі болып қалғандықтан, отбасында кикілжің тууы да мүмкін екен. Сондықтан әйелі мен балалары андып жүріп бұлардың үстінен түскен де, «аяғы жоғарыдағыдай қайғылы оқиғаға әкелген» дейді олардың тағы бір болжамы. Әркімнің үл міндеті бар, Махмұт полиция қызметкерлеріне дау айта алмады.

Үлкен баласы – 24 жастағы Болаты Айсұлу қайтыс болған күні «күн ұзақ үйде болдым» деп көрсеткен екен, онысы Махмұттың «мен жолсапардан келгесін үйге кіріп, жуынып, киім ауыстырып шықтым, үйде ешкім болған жоқ» деген жауабына қайшы келгендіктен, екеуінің арасында беттестіру өткізілді. Вахталық әдіспен жұмыс атқаратын ұлы әкесі үйге келер алдында маусымдық киім сатып алмақ болып базарға аз уақытқа шығып кетіпті, беттестіру кезінде сол жайт есіне түскендіктен бұрынғы жауабын сонысымен толықтырып, өзгеріс енгізіп еді, сакшылар «бұрын ондай жауап берген жоқсың,

себебі, тап қазір баласы Болат қамаудан шығып, күдіктен құтылып жатса соның өзі «шүкіршілік қылатын» жағдай екен. Осыны көкейіне түйген Махмұт аз-маз жөңілдеп те қалды.

Махмұт танертеңгілік түрме ішіндегі кезекшілер арқылы өз тергеушісін шақырып, жасаған қылмысын мойындайтынын айтты. Бұны тыңдаған тергеуші сол жердегі арнайы бөлмеде кезекші адвокат пен криминалист-мамандарды қатыстырып, жаңадан жауап алды. Ауызша мойындауы жазбаша хаттамаға көшірілді, дыбыстық және кескіндемелік жазбалармен бекітілді. «Ешкімнің қысымынсыз, өз еркіммен мойындадым» дегенін өз қолымен жаздыртты. Артынша айғақтардың қатысуымен оқиға болған жерге барып, сол мойындау жауаптарын қайталады, яғни, «бұрыннан жақын қатынастағы Айсұлуды қызғаныштың салдарынан жалғыз өзім ашу үстінде тепкіледім, сосын есінен танып қалғанын байқап, «жедел көмек» шақырдым да қашып кеттім» деп болмаған жағдайды болды қылып көрсетті.

Ертесіне түс ауа Болаты бостандыққа шықты, бірақ әйелі мен балалары бұнымен хабарласуға енді асыға қойған жоқ. Махмұттың жауаптарынан кезекші адвокат арқылы хабардар болған олар бұның жан адам сезбеген «сайқалдығы мен жауыздығынан» капелімде ес жия алмай жатса керек.

Осылайша түрмеде күн өткізген Махмұт өз-өзіне келіп, кішкене жан шақырған

айтып қала берді. Ал, екінші ұлын шешесінің өзі әскер қатарына шығарып салды. Ол да оқып жүрген колледжін бітіріп, әзірше қолайлы жұмыстың ретін таба қоймаған. Әскери департаменттен шақыру қағаз келгенін естігенде, оның бір сәті түскен шаруа екенін Махмұт сезе қойды, әйеліне де «қарсы келмей, балаға оң сапар тіле» деп хат жазып жіберді. Бұның бір себебі, іштей қылмыстық жаза өтеуге дайындалып қойған Махмұт алдағы болатын сот кезінде өзіне ет жақын адамдардың алыс жерде болуын қолайлы көрген. Баяғы өтірік мойындаған жауаптарынан енді кете алмайтынын да, соның арқасында өзі өлтірмек түгілі бетіне қарсы келмеген Айсұлудың ет жақындарынан сот үстінде қарғыс еститіндігін де тайға таңба басқандай біліп отырған. Ал, егер басқаша жауап берсе, үлкен баласының басы тағы да саудаға түсетінін, шетелдегі оқуы мен елдегі болашағы бат жұмысынан айырылатынын, сонау алыс жерден күдікті ретінде арнайы конвоймен жеткізіліп, тағы да тергеліп-тексеріліп, ақыр аяғы тәжірибесіздігінен бір бөлеге ұшырап қалу қаупі бар екенін де қаперінен шығармай отыр.

Ақыры, «академигі» бұл күтпеген бір әңгіменің шетін қылтитты: «саған адвокаттыңды өзгертудің мезгілі туған сияқты, кім білген, шын маман тап келсе қайыры тиер...» деп. Махмұт болса, әуелі «басымнаңдай жағдай туар» дегендей күдікке бой алдырғанымен, ойлана келе оның ұсынысымен келісті. Ертесіне бұнымен кездесуге Омардың таныс адвокаты келді, өзі бұрыннан құқық қорғау саласында жұмыс істеп, ел ішінде жақсы жағынан көрінген азамат екен. Зейнеткерлікке шыққан соң қорғаушылыққа ауысыпты. Омарды танытындығы – кезінде оның қылмыстық істерін жүргізген, содан ақиқаттан айнымайтын қасиетіне бола сотталушысы оны өзіне жақын тартыпты. Онаша әңгімелесу кезінде Махмұт тәжірибелі маманнан ештенесін бүгіп жасырған жоқ, Айсұлумен кездесуден бастап түрмеге түскен сәтіне дейінгі бастан кешкендерін түк қалдырмай баяндады. Жанұясының шырқы бұзылмауын тілеумен осы күйге жеткенін де айтты. Өз кезегінде адвокаттың қойын кітапшасына бар шытырман тіркеліп жатты. Әсіресе, Махмұттың «Айсұлудың үйінің қасынан автокөліктерімен жедел қозғалып кеткен екі жүзі таныс жігітті көрдім» дегені оның өте қызығушылығын туғызды. Әлгілерді бұрын-соңды қайдан көргенін, немен шұғылданатынын, қазіргі уақытта қайдан табуға болатынын ол өзінің қойын кітапшасына ұқыптап жазып алды.

Екеуі бір-бірін толық түсініп, алдағы жоспарларын құрып тарасты.

Бұның әйелінен тиісті гонорарын алған адвокат кәсіби бағытта қыруар іс тындырды: Әуелі Махмұт пен Айсұлудың бұрын-соңды жақын таныс болмағанын, бұларды оқиға алдындағы кездейсоқ кездесу мен сыпайыгершілік қатынас қана байланыстырғанын дәлелдеуге кірісті. Ол үшін Махмұт пен Айсұлуды білетін, танитын барлық достары, көршілері, қызметтестері, тұма-туыстары, кездейсоқ таныстары, тіпті Айсұлудың басқа қалада оқитын жалғыз баласына дейін сұралды, жауаптары тұп-тұтас диктофонға жазылды. Нәтижесі біреу-ақ, бұлар ашына түгілі, бір-бірін бұрын-соңды жақын та-

дан ашылған мән-жайларға байланысты жазған арызын тіркеп, қадағалаушы прокурорға кіріп шыққан адвокат әзірге салғырт тергеушіні өзгертіп, орнына ынталы, білікті маман алғызғанын Махмұтқа қуана жеткізді. Өз тірліктерінің оңға жылжығанына ол да ризашылығын білдіріп жатты. Бұдан кейін жаңадан тағайындалған тергеуші адвокаттың талабымен оқиға болған жерден алынған белгісіз іздерге зерттеу жүргізіп еді, бірер саусақ ізінің бұрын істі болған Мейрам деген азаматқа тиесілі екені анықталды. Ал басқалары сол жұмбақ күйінде қала берді. Махмұттың Айсұлудың үйінің қасынан көрдім деген жігіттердің портреттері жасалды. Нәтижесінде күдіктінің біреуі сол оқиға болған жердегі саусақ іздерінің иесі, бұрын үй тонап сотталған Мейрам деген жігіт болып шықты. Қасындағысы Қажет деген ауылдасы екен. Ол да оғаш қылықтары бір басына жететіндей қаныпезердің өзі екен. Тексере келгенде, бұл жігіттердің Айсұлумен тіршілікте жолдары тоғыспаған, бір-біріне бейтарап жандар екендігі толықтай анықталды. Ендігі қалғаны заң тәртібімен оларды ұстап, жауаптау еді. Алайда, ондай тосын әрекеттің дұрыс нәтиже беретіндігі тергеу орындарына күмәнділеу көрінді. Жәбірленушінің бұл өмірде жоқтығын білетін екі жырындының өздерін ендігі жерде қалай ұстайтындығы, қандай жауап беретіндігі тергеу үшін беймәлім еді. Сондықтан, жақын аралықта олардың жүріс-тұрысына сырттай тұрақты бақылау орнатуды, ұялы телефондарын тыңдауды, сонымен қатар оларды үркітіп алмау үшін Махмұтты тергеу изоляторынан шығарғанымен ерекше қорғалатын тұлға ретінде ешкімге қорсетпей тұра тұруды жөн көрді. Тергеу мерзімі үшінші айға созылды.

Көп ұзамай-ақ жоспарлы да кешенді әрекеттер өз нәтижесін берді. Мейрам мен Қажеттің өз таныстары арқылы ломбардқа тапсырып кеткен заттарының ішінен қымбат сақина мен сырғалар табылып, олардың Айсұлудікі екені анықталды. Бұдан кейін екеуі дереу тергеу орнына жеткізіліп, бұлтартпас дәлелдемелермен істеген істерін мойындауға мәжбүр болды.

Сотталушылар өз жауабында Айсұлумен бұрын-соңды таныс болмағанын, бай адамды тонаймыз деп жалғызбасты әйелдің пәтеріне кездойсоқ тап болғандарын, жасырылған ақша, алтындарды бер деп Айсұлуды ұрып-соға бастағанда жәбірленушінің мүлде басқа адам екенін түсініп, сақинасы мен сырғаларын ғана алып қашып кеткенін көрсетіпті. Олардың шабуыл жасаған мезгілі Махмұттың пәтерден шығып қайтып келгенге дейінгі уақытына сәйкес келеді екен. Шамасы бұл кеткеннен кейін Айсұлу кіреберістегі есікті құлыптамаған сияқты. Адам тонағыштар да оның сол бейғамдығының үстінен дәл түсіп, үйге ешбір бөгетсіз кіріп кеткен де, өз ойлағандарын жүзеге асырған.

Қылмыскерлер жасаған қылмысы үшін лайықты жазасын алды. Адвокаттың қайырлы ісінің арқасында аман-есен отбасымен қауышқан Махмұт баяғы көңілшек қалпында жұмысын адал атқарып жүр.

Өмір-өзен осылайша ағып жатыр...

Назарбек НҰРМАҒАНБЕТОВ

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
 Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
 8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағамбетова
 8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
 8 707 721 19 59.
 Шадыяр Мекенбайұлы
 87757335665

Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов
 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
 Х.Досмұхамедұлы көшесі
 68 «б»-үй.
 Қабылдау бөлмесі:
 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
 сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5527 дана
Апталық таралым 11 054 дана

Тапсырыс №185 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады. Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген. Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31